



ЛЕБІЗ



ЖЫЛЖАБАР

ҚАЗАҚСТАН ЗАҢДАРЫ ҚАШАН ҚАЗАҚША СӨЙЛЕЙДІ?



Қазақстан Парламентінде қабылданған заң жобаларының 80 пайызға жуығы Үкімет бастамасымен жасалуда. Соңғы 3 жылда Президент бастамасымен қабылданатын жобалар 18-ден 15 пайызға дейін төмендеп, депутаттар бастамасымен қабылданатын жобалар 5-10 пайыз аралығында болып отыр.

(Жалғасы 6-бетте)



СОТ ТЫНЫСЫ

Асқар СМАЙЛОВ, Азаматтық істер жөніндегі кассациялық соттың төрағасы:

«ҚҰҚЫҚ ҮСТЕМДІГІН ТОЛЫҚ ІСКЕ АСЫРУ – КАССАЦИЯЛЫҚ СОТТЫҢ МІНДЕТІ»

– Кассациялық соттардың құрылуы азаматтарға үлкен үміт сыйлағаны рас. Жаңа қызметіне кіріскен азаматтық істер бойынша кассациялық соттың беталысы қалай?

– Кассациялық соттар «Қазақстан Республикасы сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңының 3-бабына сәйкес 2025 жылғы 1 шілдеден бастап құрылды. Бұл бастамаға Президент оң бағасын беріп, республика судьяларының IX съезінде: «Кассациялық соттардың дербестігі азаматтар үшін сот төрелігінің қолжетімділігін едәуір кеңейтеді, инвестициялар мен бизнес жүргізуге қолайлы жағдай туғызады. Ең бастысы, бұл әділеттілік пен құқық үстемдігі қағидаттарын толыққанды іске асыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл қадам Жоғарғы Соттың жүктемесін азайтады. Жоғарғы сот органы енді сот практикасының

біркелкілігін қамтамасыз етуге толық көңіл бөле алады», – деген болатын.

Мемлекет басшысы жүктеген міндетке сай біз алғаш қызметке кіріскен сәттен дербес кассациялық соттарды құрудың маңызы, мақсаты жөнінде кең ауқымды ақпараттық жұмыстарды қолға алдық. Бұқаралық ақпарат құралдарымен біріге отырып азаматтарға жаңа бастаманың негізгі бағыт-бағдары, заңдық тетігі жан-жақты түсіндірілді. Азаматтық істер бойынша кассациялық сотты құрып, жұмысын үйлестіруде заң қоғамдастығымен байланыстың маңызы зор. Өзара байланыстың көмегімен кассациялық шағымдардағы түрлі түсінбеушіліктің алдын алуға болады. Заң қоғамдастығы мен кассациялық сот арасындағы үйлесімді жұмысты реттейтін арнайы Тұжырымдаманың бекітілуі де сондықтан. Осы құжатты әзірлеу барысында заң қоғамдастық өкілдерімен процестік норма-

ларды қолданудың біркелкілігі; азаматтардың сот қорғауына тиімді қол жеткізуді қамтамасыз ету; іске қатысуға тартылмаған адамдардың кассациялық шағымдану құқықтары; кассациялық шағымдарды сапалы ресімдеу және беру; шағымдану мерзімдерін дұрыс есептеу; электрондық істі қалыптастыруға қатысты өзекті мәселелер талқыланды.

– Кез келген бастаманың бірден аяққа тұрып кетуі қиын. Азаматтық істер жөніндегі кассациялық соттың жұмысын бастағанда қандай қиындықтар кездесті?

– Әдетте, кассациялық шағымдардың көпшілігін өтініш берушілердің өкілдері (адвокаттар, заң кеңесшілері) береді. Іс жүзінде біз өкілдер жіберген кассациялық шағымдардың басым бөлігін қайтардық.

(Жалғасы 2-бетте)

4-бет



Еңбекақы мен тауар бағасы
теңеспей түр

5-бет

Әли БЕКТАЕВ,
Парламент Сенатының
Аграрлық мәселелер,
табиғатты пайдалану және
ауылдық
аумақтарды дамыту
комитетінің төрағасы:

«Сенат
зандардың
орындалуын
тұрақты
бақылайды»



Досжан ӘМІР,
ҚР Судьялар одағының
төрағасы

ЖАҢА ЖЫЛДАН КҮТЕРІМІЗ КӨП

Құрметті әріптестер, оқырмандар!
Қазақстан Республикасы Судьялар одағының атынан баршаңызды келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын!

Жаңа жыл – өткенге көз жүгіртіп, атқарылған іске баға беріп, болашаққа сеніммен қарайтын айрықша кезең. Бұл мереке әрқайсысымызға жаңа мақсаттар айқындап, тың жоспарлар құруға, биік белестерге ұмтылуға серпін береді. Адамды ізгі ойларға жетелеп, кәсіби және рухани тұрғыда жаңаруға үндейді.

Осы мерейлі сәт – отбасы, жақын-дарымызбен бір шаңырақ астында бас қосып, татулық пен берекені нығайтуға, өзара қолдау мен түсіністікті тереңдетуге берілген мүмкіндік. Бірлігіміз бен ынтымағымыздың арқасында қоғамдағы тұрақтылық пен тепе-теңдік сақталып, ауқымды жетістіктерге қол жеткіздік.

Өтіп бара жатқан 2025 жыл еліміз үшін мазмұны терең, маңызы зор кезең болды. Аталған жылы құқықтық реформалар жүзеге асырылып, жаңа заңнама-лық бастамалар қабылданып, әділдік пен заңдылықты нығайтуға елеулі үлес қосылды. Осы үдерісте сот жүйесі де қарқынды даму мен жаңғыру кезеңін бастан өткерді. Атап айтқанда, Кассациялық сатыдағы соттың құрылуы сот төрелігінің сапасын арттырып, азаматтардың құқығын қорғауда және халықтың сот жүйесіне деген сенімін нығайтуда маңызды рөл атқарады.

Мемлекет басшысының бастама-сымен жүзеге асырылған саяси реформа-лар қоғамдық өмірдің барлық салаларын қамтып, оң өзгерістерге жол ашты. Сонымен қатар, экономиканың түрлі са-лаларындағы бастамалар елдің бәсеке-ге қабілеттілігін арттырып, халықтың әл-ауқатын жақсартуға мүмкіндік берді. Әлеуметтік салада да, білім беру, денсау-лық сақтау және еңбек құқығын қорғау бағытында да айтарлықтай ілгерілеу байқалды. Бұл өзгерістер азаматтар-дың құқықтық мәдениетінің артуына оң әсер етті. Осылайша, 2025 жыл еліміздің тұрақтылығы мен өркендеуіне бағыт-талған маңызды белес ретінде тарихта қалды.

Алдағы 2026 жыл Қазақстан үшін жаңа мүмкіндіктер мен тың үміттер кезеңі болады деп сенеміз. Қазіргі уақытта жүзеге асырылып жатқан жаңғырту-лар әрбір қазақстандықтың өмір сапасын жақсартуға және құқықтық жүйенің одан әрі дамуына бағытталған. Әрбір жаңашылдық пен бастама – еліміздің болашағын баянды етуге жасалған нық қадам.

Қазақстан Республикасының Судья-лар одағы сот жүйесімен бірлесе оты-рып, еліміздің дамуына бағытталған барлық маңызды бастамаларды қолдау-ды жалғастыра береді. Біз әділдік пен заңдылыққа қағидаттарын берік ұста-нып, қоғамды тұрақты әрі әділетті да-мытуға өз үлесімізді қоса береміз. Бұл жолда әрбіріміздің кәсіби жауапкершілі-гіміз бен жоғары біліктілігіміз айрықша маңызға ие. Әділдік пен заң үстемдігін қамтамасыз ету бағытында атқарылған әрбір іс қоғамдағы тыныштық пен тұрақтылықтың кепілі болары сөзсіз. Әр шешіміміз бен әрекетіміз заңды әрі әділ болған жағдайда ғана біз шын мәнінде әділетті қоғам құра аламыз.

Құрметті әріптестер, қадірлі оқыр-мандар!

Сіздерді келе жатқан Жаңа жыл ме-рекесімен тағы да құттықтай отырып, кәсіби қызметтеріңізге табыс, отбасы-ларыңызға амандық, бақыт пен береке тілеймін. Алдағы жыл әрқайсысыңыз үшін жаңа мүмкіндіктер мен жарқын жетістіктерге толы болсын! Бірлігіміз бен адал еңбегіміз ортақ мақсатымыз – әділетті әрі дамыған қоғам құру жолында қызмет ететініне сенім мол.

СОТ ТЫНЫСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Себебі көбінесе өкілдер кассациялық шағымдану тәртібі мен мерзімін сақтамаған. Негізі Азаматтық процесістік кодекстің 434-бабында кассациялық қайта қарауға жататын сот актілерінің нақты тізбесі белгіленген. Соған қарамастан өкілдер осы тізбеге енгізілмеген сот актілерін қайта қарауды сұрайды. Мұндай шағымдар іс жүргізу заңының талаптарына сәйкес қайтарылады. Сондай-ақ өкілдердің кассациялық шағымдану мерзімін өткізіп алуына және оны қалпына келтіру туралы өтініш-хаттың болмауына байланысты да шағымдар қайтарылды. Кассациялық сот бірнеше рет мемлекеттік баждың тәртібі мен мөлшері туралы түсініктеме жариялады, сот актісіне кассациялық тәртіппен шағымдану үшін мемлекеттік баж төлеудің деректемелері туралы ақпараты бар құзыретті органдарға хаттар жолданды. Бірақ соған қарамастан тараптар өкілдері мемлекеттік бажды дұрыс төлемейді. Бұл да шағымның көп жағдайда қайтарылуына түрткі болып отырған себептің бірі. Өкініштісі, өкілдер қатені өзінен іздемейді. Заң талаптарын сақтамағанын білсе де, кассациялық сот туралы негізсіз теріс пікір қалыптастырады. Осы мәселені шешу үшін біз Әділет министріне хат жолдап, кейбір өкілдердің кассациялық шағымдарды сапасыз жолдауына орай шаралар қабылдау қажеттігін атап өттік. Алдағы уақытта бұл мәселелер шешімін табады деп ойлаймын.

– **Кассациялық сот бірізді сот тәжірибесін қалыптастыру үшін қандай шаралар қолдануда?**

– Жаңа институт бірыңғай сот практикасын қалыптастыруға және мүлтіксіз сақтауға бағытталған. Президент атап өткендей, кассациялық соттардың дербестігі әділеттілік пен құқық үстемдігі қағидаттарын толыққанды іске асыруға ықпал ететін болады. «Сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 16-4-бабы 2) тармақшасына сәйкес, кассациялық сот күнделікті сот тәжірибесін зерделейді және соның қорытындысы бойынша сот төрелігін іске асыру кезінде заңдылықты сақтау мәселелерін қарайды.

Аталған өкілеттіктер шеңберінде даулардың нақты санаттары бойынша мамандандырылған кассациялық соттың судьялары сот практикасына талдау жүргізіп, санаттар бойынша түрлі практика белгіленді. Сот актілерін кассациялық тәртіппен қайта қараудың ортақ практикасы жан-жақты талқыланып, қателіктердің алдын алу үшін соттарға жіберілді және ол бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында түсіндірмелер жарияланды. Кассациялық қараудың дербес институтын құру Жоғарғы Сот органында қаралған сот актілерінің күшін жоймайды. Бұл ретте тараптардың құқықтары шектелмейді, өйткені АПК-нің 454-1-бабының 1-бөлігіне сай Жоғарғы Сот судьялары негіздер болған жағдайда осындай сот актілерін қайта қарау үшін ұсыныс енгізуге құқылы. Бұл туралы

біз заңды қоғамдастыққа және барлық азаматтарға бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарладық.

– **Азаматтық істер бойынша кассациялық сот қандай сот актілерін қайта қарайды және қандай шекте?**

– Кассациялық сот жұмысын тиімді үйлестіруде іс жүргізу шектерін дұрыс түсінудің маңызы зор. Істі кассациялық және апелляциялық қарау шегін белгілеу кезінде қарау нысанасын ескеру қажет. Бірінші сатыдағы соттың заңды күшіне енген сот актілері апелляциялық тәртіппен қайта қаралады. Апелляциялық сатыдағы сот АПК-нің 413-бабының талаптарына сәйкес шешімнің заңдылығы мен негізділігін толық көлемде тексереді. Ал кассациялық саты заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарайды. АПК-нің 449-бабына сәйкес кассациялық



Асқар СМАЙЛОВ, Азаматтық істер жөніндегі кассациялық соттың төрағасы:

«ҚҰҚЫҚ ҮСТЕМДІГІН ТОЛЫҚ ІСКЕ АСЫРУ – КАССАЦИЯЛЫҚ СОТТЫҢ МІНДЕТІ»

сатыдағы сот кассациялық шағымның, наразылықтың дәлелдері шегінде істегі бар материалдар бойынша сот актілерінің заңдылығын тексереді. Заңдылық мүддесі үшін кассациялық сатыдағы сот кассациялық шағымның немесе наразылықтың шегінен шығып, шағымданған, наразылық білдірілген сот актісінің заңдылығын толық көлемде тексеруге құқылы. Осылайша, апелляциялық сатыдағы сот үшін сот актілерінің заңдылығы мен дұрыстығын толық көлемде тексеру құқықтың императивті нормасы болса, кассациялық сатыдағы сот үшін – факультативті норма болып табылады.

Яғни, кассациялық сатыдағы сот барлық жағдайда сот актілерін толық көлемде емес, тек заңдылық мүддесінде қайта қарайды. Кассациялық істерді қайта қараудың шектерін түсіну маңызды, сондықтан біз мұны әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы түсіндіріп келеміз.

– **Аудандық соттарда іске қатыспаған, бірақ құқығы мен мүддесі сот барысында қозғалған адамдар кассациялық шағыммен жүгіне ала ма?**

– Азаматтық істер жөніндегі кассациялық сот құқық үстемдігінің негізгі қағидатын іске асыруға міндетті. Барлығы заң мен сот алдында тең. Кассациялық сотта сот актілеріне шағымданатын адамдарды іріктеуге жол жоқ. Өйткені азаматтық сот ісін жүргізу барысында азаматтардың,

заңды тұлғалардың ешқайсысына артықшылық берілмейді.

АПК-нің 401-бабы 4-бөлігіне сәйкес іске қатысуға тартылмаған, бірақ сот құқығы мен міндеттеріне қатысты шешім қабылдаған адамдар да апелляциялық шағым беруге құқылы. Кассациялық сотқа мұндай да шағымдар түседі. АПК-нің 434-бабының 1-бөлігінде белгіленгендей, апелляциялық шағымдану тәртібі сақталған жағдайда, заңды күшіне енген сот актілері кассациялық тәртіппен қайта қаралуы мүмкін. Құқықтары мен мүдделері АПК-нің 435-бабы 1-бөлігіне сәйкес сот актілерімен қозғалатын адамдар заңды күшіне енген сот актілеріне кассациялық тәртіппен де шағымдана алады. Алайда, аталған адамдар апелляциялық шағымды АПК-нің 403-бабы 3-бөлігінің, 433-бабы 1-бөлігінің талаптарына байланысты апелляциялық шағым беру тәртібін сақтай отырып береді. Апелляциялық шағым жасау мерзімін өткізіп алған жағдайда, кодекстің 436-бабының 2-бөлігіне сәйкес іске қатысуға тартылмаған адам жергілікті соттар шағымдану мерзімін қалпына келтіруден бас тартқаннан кейін кассациялық сатыдағы сотқа жүгіне алады. Бұл жағдайда апелляциялық шағымдану мерзімін қалпына келтіруден бас тарту туралы сот актілері кассациялық соттың қарау мәні болып табылады.

– **Кассациялық шағым беру кезінде мемлекеттік бажды төлеуді кейінге қалдыру көзделген бе?**

ұйғарым шығаруға құқылы деген қорытындыны мұқият зерттедік. Заңдылықты бұзуға жеке ұйғарыммен ден қою Жоғарғы Соттың бұрынғы кассациялық сатысында да қолданылды. Бүгінгі таңда біз кассациялық соттың жұмысы туралы, оның ішінде қаралған істердің нәтижелері бойынша 30-дан астам түсіндірме жарияладық.

– **Жаңа кассацияның алдыңғы кассациядан айырмашылығы неде?**

– Азаматтық істер бойынша жаңа кассациялық сот құрылғанға дейін сот актілерін кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы оң шешімді Жоғарғы Соттың бір судьясы тараптарды шақырмай қабылдағаны белгілі. 2025 жылғы 1 шілдеден бастап бұл тәртіп жойылды. Жаңа кассация қағидаты бойынша кассациялық шағымды өз өндірісімізге қабылдай отырып, біз сот актілерін үш судья бірге және іс бойынша барлық адамдардың қатысуымен қайта қараймыз. Әр тарапқа дау бойынша өз ұстанымын білдіруге мүмкіндік беріледі.

– **Кассациялық сатының жаңа форматын енгізудің нәтижесі қандай?**

– Азаматтар мен заңды тұлғалардың бұзылған құқығы мен мүддесін қалпына келтіруге бағытталған кассацияның оң әсерін байқамау мүмкін емес. 2025 жылғы желтоқсан айының басындағы жағдай бойынша сот актілері жойылған және өзгертіл-

ген 192 азамат пен заңды тұлғаның құқығы қалпына келтірілді. 30-дан астам іс апелляциялық сатыдағы соттың жаңа қарауына жіберілді, ол бірінші сатыдағы соттардың қателіктерін уақытылы жоюға міндетті. Апелляциялық сатыдағы сот АПК-нің 413-бабына сәйкес істі толық көлемде қарауға құқылы және кассациялық соттан айырмашылығы шағым дәлелдерінің шегімен шектелмейді.

Ендігі жерде сот актілері үш судьяның құрамында қайта қаралады. Істерді сот құрамының әрбір судьясы мұқият зерделейді, іс материалдарын қосымша зерделеу, қолданыстағы заңнаманы талдау қажет болған жағдайда істерді қарау кейінге қалдырылады. Заң шығарушы істерді қараудың алты айлық мерзімін белгілеп отыр, өйткені кассация сот актілерін асығыс қарамауы керек. Істегі барлық материалды егжей-тегжейлі зерделеу және тараптардың дәлелдеріне баға беру арқылы әділеттілік пен құқық үстемдігі қағидатын толық іске асыру – кассациялық соттың міндеті.

– **Кассациялық соттың сот практикасын қалыптастырудағы рөлі қандай?**

– Бірізді сот тәжірибесін сақтау мақсатында біз даулардың нақты санаттары бойынша сот тәжірибесін

терең зерттеп, талдаймыз. Кассациялық сот талдаулар жүргізу бойынша алгоритм әзірледі. Соған орай азаматтық істерді қараудың бірыңғай тәсілдерін әзірлеуге бағытталған сот тәжірибесін зерделеудің жаңа форматы енгізілді. Талдау жобасы талқылау үшін соттарға, заң қоғамдастығына, қажет болған жағдайда мүдделі мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктерге жіберіледі. Барлық алынған ұсыныстар мен ескертулер бірыңғай тәжірибені әзірлеу үшін талқыланады. Судьялар кассациялық сотта әртүрлі шешім қабылдамауы үшін сот практикасы мен жекелеген даулардың құқықтық негізін талдау маңызды.

– **Кассациялық сот тараптарды татуластыруға құзырлы ма?**

– Сот ісін жүргізудің барлық кезеңінде татуластыру рәсімдерін қолдануға болады. Кассациялық сатыда да тараптарды татуластыруға кедергі жоқ. Судьялар тараптарға кассациялық қайта қарау сатысында татуласу мүмкіндігін түсіндіріп, қажет болған жағдайда татуласуға уақыт береді. Бүгінге дейін кассациялық сот осы рәсіммен 9 істі тоқтатты. Істердің бейбіт келісіммен аяқталуы тараптардың өзіне де, сотқа да тиімді. Біз үшін азаматтардың соттан ризашылықпен шыққаны маңызды.

– **Уақыт тауып ой бөліскеніңізге рақмет!**

Түймегүл СМАҒҰЛҚЫЗЫ,
«Заң газеті»

БІЛІМ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Заң факультетінде «Қазақстан Республикасындағы еңбек қатынастарының, әлеуметтік әріптестік жүйесі дамуының проблемалары мен перспективалары» тақырыбында жыл сайынғы халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Профессор Көбен Әбжановты еске алуға арналған шараны Заң факультетінің азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасы, Алматы қалалық адвокаттар алқасы, «SENIM» денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің кәсіптік одағы және «Zangerler palatasi» Заң консультанттары палатасы бірлесіп ұйымдастырды.

Конференцияны ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Еркін Дүйсенов ашып, еңбек қатынастарын жетілдіру және әлеуметтік әріптестік жүйесін нығайту еліміздің әлеуметтік тұрақтылығы мен тұрақты дамуының негізі

ҒЫЛЫМИ ТАЛДАУ МЕН КӘСІБИ ДИАЛОГ ЕРЕКШЕ МАҢЫЗҒА ИЕ

екенін атап өтті. Экономикадағы және еңбек нарығындағы трансформация кезеңінде ғылыми талдау мен кәсіби диалог ерекше маңызға ие болады. Профессор Көбен Әбжановтың еңбек құқығы ғылымын дамытуға қосқан үлесі – кейінгі зерттеулер үшін сенімді база.

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның төрағасы Игорь Рогов қатысушыларға бейнеқұттықтау жолдап, еңбек қатынастарын құқықтық реттеудің өзектілігін ерекше атап өтті. Ал профессор Аманжол Нұрмағамбетов Көбен Әбжановтың өмір жолы мен шығармашылық мұрасы туралы айтып берді. Еңбек құқығы ғылыми мектебінің негізін қалаушының жұмысы көбінесе қазақстандық құқықтық ғылымның даму бағдарын айқындады.

Д.Қонаев атындағы Еуразия заң академиясының президенті Өмірәлі Жалаири конференцияның еңбек заңнамасын жетілдіруге және әлеуметтік әріптестік жүйесін нығайтуға мүдделі жетекші заңгер ғалымдарды, тәжірибешілерді, еңбек нарығының мамандарын және жас зерттеушілерді біріктіргеніне тоқталса, Алматы қалалық адвокаттар алқасы

Төралқасының мүшесі Нұрлан Жазылбеков конференция барысында ұсынылған терең зерттеулер, практикалық ұсыныстар мен инновациялық идеялар Қазақстандағы еңбек қатынастары мен әлеуметтік әріптестік институтының дамуына, сондай-ақ отандық және шетелдік мамандар арасындағы ғылыми-кәсіби ынтымақтастықтың нығаюына ықпал ететініне сенім білдірді. Заңгер-студенттерге арнаған сөзінде К.Әбжанов мұрасының жәй ғана тарихи материал еместігіне, сонымен қатар кәсіби қалыптасу жолындағы бағдар екеніне сенім білдірді.

Жиында Заң факультетінің деканы Уәлихан Ахатов еңбек нарығының жаңа сын-қатерлеріне және теориялық пайымдаумен қатар практикалық шешімдердің қажеттілігіне назар аударды: «Еңбек саласындағы өзгерістер еңбек қатынастарының тиімділігін арттыруға және азаматтардың әлеуметтік қорғалуын күшейтуге бағытталған жаңа тәсілдерді талап етеді. Профессор Көбен Әбжановтың ғылыми еңбектері еңбек құқығы саласындағы заманауи зерттеулердің берік негізіне айналды», – деді У.Ахатов.

Шара соңында Азаматтық құқық, азаматтық іс жүргізу және еңбек құқығы кафедрасының меңгерушісі Талғат Балашов конференция барысында белгілі қазақстандық және шетелдік құқықтанушы ғалымдар еңбек құқығын дамытудың жаңа бағыттарын, цифрлық экономика жағдайындағы еңбек қатынастарының ерекшеліктерін, сондай-ақ әлеуметтік әріптестіктің тиімді үлгілерін талқылағанын атап өтті. Ғылыми конференциядан түйеніміздей, профессор Әбжановтың ғылыми мұрасы – еңбек құқығын қалыптастыру мен дамытуға қосылған қомақты үлес. Оның идеялары мен тұжырымдамалары бұрынғысынан зерттеушілер мен практиктер үшін бағдар болып табылады.

О.ЛОЖНИКОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кәсіподағы төрағасының орынбасары
С.ТЫНЫБЕКОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының профессоры

КӨКЖИЕК

Шолпан ҚАРАЕВА, журналист:

«КИНОНЫҢ ҰЛЫ МҰРАТЫ – АДАМДЫ САҚТАУ»



Адамзат қазір (кең ауқым-мен алсақ – сапасыз ұлт, жеке қиындық тұрғысынан қарасақ) сапасыз адам болып қалу қау-пімен бетпе-бет келді. Ғалам-дық қасіретті жеңудің жолы қайсы? Ұлт деген кең ұғыммен қарасақ, халық бұрын руха-ният, оның ішінде осы әдеби-ет, өнер, кино, театрдан нәр алатын. Қарыз бен парыздың (сапаса өлшем) салмағын сезі-нетін. Жыл қорытындыланар тұста біз адамзаттың рухани азығы болып келген ең ізгі са-лалардың бүгінгі бет алысына үңілдік. Және жасалған ша-руалардың есебінен гөрі жа-салынатын, болашақтағы бет алысын болжадық. Жасанды интеллектке сүйеніп робот-тана бастаған ішкі иірімдерге қозғау салудың жолдары мен оны таза, саф, нәзік күйінде сақтаудың қазіргі жауапкер-шілігін екшедік.

Кино әлемі күн сайын жаңа туындылармен толығады. Бұл ежелден келе жатқан үрдіс. Қазір тоқтап тоқырап тұрған кино өндірісі жоқ. Олардың бағыты мен мақсаты сан қилы. Бірақ таза шығармашылыққа, көзсіз суреткерлікке ұмтылып, кино тарихындағы шынайы үздікке айналғысы келетіндер аз, ұлт әдебиетімен астынып жатқан синтезді өнердің өз адамы болғысы келетін жан-

кешті таланттар жайлы әңгіме бөлек. Коммерциялық бағыт-тағы жаңа ниша жұлдызда-рының жыры тіпті асқынып тұр. Бүгінгі қазақ киносы-ның жұлдызына айналғандар да осылар. Бізге қазір біраз уақытқа комедияны кинодан бөліп алып қарай тұрған тиімді секілді. Себебі олар киноға емес, кассаға жұмыс істей-тін өнім ғана. Кейде тарих өзі осылай әртүрлі құндылықтар-ды алмастырады. Бізде қазір отбасылық бәдік әңгімелер-ден басқа тақырып қалмаған-дай. Бірақ ЖИ-дің қарқындап жатқан кезінде бұл дәуірдің де өтетіні анық. Әлемдік кинона-рығына көз салсаңыз таңдау да, тақырып та көп. Мәселен, «Өмірден алары қалмаған, күнделікті өмірі қарызға ақша алудан басталатын бірнеше адам балалар ойынына қаты-суға шақырту алады. Жеңім-пазды қомақты сыйақы күтіп тұр, өтеуі де ауыр»,– делінетін сипаттамасы бар, корейлік «Кальмар» сериалы бәріміздің есімізде шығар, ә?! Байқа-саңыз, бірнеше кезеңі түсіріліп тасталған сериалдың күні бү-гін де әлемдік кинопрокаттағы рейтингісі бәрінен жоғары. Неге?

Оған себеп көп. Жалпы, өмірден алары қалмаған деген кесімді үкімді кім өзіне, айнала-сына, қоғамына қисын?! Бірақ адамзаттың қазіргі бөталысы қарманса уысына мыңдарды сыйғызатын осыбір түсініксіз-деу жыртықшықа ұқсас, меңіреу бір тажалдың тұңғығына жұтылып бара жатыр. Каль-мар алып кемеңі теңіз түбіне сүйреп әкететін алапат күшке ие екен. Біздің руханияттан ада, тоғышар, таяз бүгінгі кей-піміз жер бетіндегі күллі ада-ми құндылықтарды жинап ап, оны жарып жіберу үшін оңтай-лы жер іздеп бара жатқан сол теңіз тажалы секілді, құдды. Қазіргі қазақ қоғамының си-паты осыған саяды. Корей-

лік шығармашылық топтың ұтқаны адамзаттың осындай адасқан кезеңінің нақты су-ретін дер шағында ұсына алға-ны. «Кальмардың» бәсі сол себепті де жоғары. Енді зер салсаңыз, осындай қасіретке ұрынып, өмірден баз кешіп жүрген қазақ аз ба?! Әлде бізде ағайын-туыстың айтыс-тартысынан өзге тақырып жоқ па?! Ресейлік «Подрос-ток» сериалы ше? Бүкіл әлем ата-анасының жанды жара-сын тырнағандай болды. Та-ным-түсінігі құбылмалы, құн-дылығы айфондардың ішіндегі жасөспірімнің ертеңіне уайым жейтін әке мен ана бізде жоқ па?!


Netflix-тің «Қара айна» (Black Mirror) атты ғылы-ми- фантастикалық телесе-риалы бар. «Қара айна» се-риалындағы сюрреализммен бетпе-бет келгенде шын мә-нінде найзағай ұрған адамның жағдайын түсінгендей бола-мыз. Сериал жаңа технология-лар арқылы адамның осындай терең сезімдеріне бойлай-ды. Оның игерілмеген тың секілді қозғаусыз жатқан ми талшықтарын түрткен кезде көрерменнің түсініксіз күйге, құлазу мен қорқынышқа бой алдыруы да мұнда қалыпты құбылыс. Біздегі кино индуст-риясында қозғаймын десе осындай ауқым кең. Бірақ біздің талғам әзірге Бадықова мен Мөлдір Мұқаннның деңгейі-нен көтеріле алмай тұр.

Болашақта қазақ киносы қай тақырыпқа назар салуы керек десек, жалпы адамзат үшін өзекті жаһандық мәнге ие адам иірімдерін өзек ететін тақырыпқа назар салғаны құп. Жаһандық мән адамның миындағының бәрін әзірге тап басып таба қоймаған жасан-ды интеллект емес, болмаса зымырандық жылдамдықпен түрленіп жатқан ақпарат тех-нология да емес. Ол мән аңта-рылып жүрген көпті қанай-тын арзан күлкі, оңай ақша да, көзді алдайтын жарқыл-жұрқыл да емес. Жаһандық мән (жүрегі мен миына әркім өзі ие кезеңде) адамды сақтау. Осы бір тұста күллі өнер атау-лы мейлі ол кино болсын, мейлі ол әдебиет, театр бол-сын адами ізгіліктерді оятуға, жүректерге имани нұрды ұяла-туға қызмет етсе дейсін.

ТЕАТР

Аманкелді МҰҚАН, театртанушы:

БҮГІНГІ КӨРЕРМЕН ТЕАТРДАҒЫ ЖАҢА ҮДЕРІСТЕН ТЫС ҚАЛМАУ КЕРЕК



Биылғы жыл қорытындысын осы жақын-да ғана Ғабит Мүсірепов атындағы бала-лар мен жасөспірімдер театрында Театр сыншылар бірлестігі жасады. Біз бір жыл бойы Қазақстан театрларында қойылған жұмыстар бойынша мониторинг жасадық. Оған республиканың барлық аймағындағы театр сыншылары қатысты. Өзіміз көрген дүниелерді бағалап, Алматы, Астана, об-лыстық театрларда қойылып жатқан спек-такльдердің арасынан ерекше уағанда-рын атадық. Әрине, театрларда өте көп жұмыстар жасалды, біраз спектакль қойыл-ды, біздің көргеніміздің өзі жүздің үстінде болды. Салыстырмалы түрде алғанда жас режиссерлардың, соның ішінде Фархад Молдағали, Дина Жұмабайдың қолтаңба-лары ұнады. Ақтөбе облыстық театрының көркемдік жетекші Мейрам Хабибуллиннің, Алматыдағы ұйғыр музыкалық комедия театрының көркемдік жетекшісі Фархадбек Қанафин секілді 35 жасқа дейінгі буынның театрдың бағыт-бағдарын айқындап, жақ-сы дүниелер ұсынып жатқан жайы бар. Солардың ішінен ерекше атап өтетін еңбек Ф.Мүсірепов театрында қойылған режиссер Дина Жұмабайдың «Гамлеті». Одан бөлек басқа да режиссерлардың спектакльдері жекелеген номинациялар бойынша аталып өтті. Бір спектакль ғана керемет деп айтуға аузым бармайды. Мысалы, Мәскеуде тұра-тын қырғыз режиссер Ұланбек Баялиевтің Астанада қойған «ROMEO MEN ДЖУЛЬЕТ-ТА» спектаклін көрдім. Бүгінгі заманауи режиссераның үздік үлгісі ретінде ұсынуға болатын керемет еңбек. Мұнда бүгінгі за-манауи технология арқылы кино элемент-тері қосыла отырып камера жұмыс істейтін «Ромео мен Джульетта» шыққан. Бірінен бірін дараламайтын өте жақсы қойылған спектакль көп. Бүгінгі көрермен қазақ теа-трында болып жатқан үдерістен қалмау ке-

рек, қазір әр театрдың классикалық, әлем классикасы, қазақ классикасының маржан-дары бар. Бүгінгі көрерменге қазақ зама-науи драматургтарының спектакльдерін көруге мүмкіндік мол, тек соған тырысу керек. К.Станиславский атындағы Қараған-ды драма театрының көркемдік жетекшісі, режиссер Рача Махатаев пен актер, режис-сер Әлібек Өмірбекұлының да ізденістері үлкен. Қазір жастардың спектакльдері орталықтарда ғана емес, облыстарда да жақсы тақырыптарды көтеріп жүр. Режис-сер Фархад Молдағалиевтің «Ревизоры» қандай?! Талдықорған, Тараз, Қызылор-да, Шымкент театрларының да әрқайсысы өзінше тым жақсы ізденіспен дамып жа-тыр. Бұл спектакльдердің қай-қайсысын да біз халықаралық, республикалық фес-тивальдарға ұялмай апарып көрсете ала-мыз. Жалпы, театрлардағы 2025 жылдың көріністері осындай.

ЖИ ЖӘНЕ ТЕАТР

Жасанды интеллект араласқан қоғамдағы адамның өмірі әрине, біраз өз-герістерге түсіп жатыр. Бұны біз көптеген мамандықтардың күн тәртібінен түсіп қа-луынан, көптеген жұмыстардың жеңілдеп кеткенінен көріп жүрміз. ЖИ жазу-сызуға, интеллектуалдық жұмыстарға қатты әсер етіп жатыр. Бұның енді театрға келген кез-де жақсы жағы да, жаман жағы да бар. Өмірді жеңілдетті, рас, соған қарамастан әлі де болса ЖИ тереңдей алмайтын адам-ның ішкі жан дүниесі бар. Шындығында, жасанды интеллекттің көмегімен жазылған пьесаны спектакль етіп қойған театрлар да бар. Бұрын оны драматург жазса, енді оны ЖИ жазып шықты, соған лайық тапсырма берілді. Бірақ театр технологияның күшімен шығаратын кино емес, театр – жанды өнер. Театрды әуелден жанды өнер деп бекер айтпаған. Шығармашылық тұлғаның жан-дүниесін ашу мәселесінде әлі де болса ЖИ-ге жетілдірілетін тұстар бар деп білем. Театрларда әлі де әйгілі Станиславский, Мейерхольт, Чехов, тіпті Тоқпанов, Әуезов пен Мүсірепов жазып кеткен классикалық туындылар қойылады. Қозы мен Баянның махаббаты, Қыз Жібек пен Төлегеннің, Еңлік пен Кебектің оқиғалары бүгінгі көрер-менді әлі де толғандырады және ол күн тәртібінен ешқашан түспейді. Сондықтан технология дами берер, сонымен бірге қа-зақ театрлары да негізгі принцип – тірі өнер принципінен таймайды.

ӘДЕБИЕТ

Жадыра ШАМҰРАТ, прозаик:

КЛАССИКА ӨЛМЕЙДІ, ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ТАҚЫРЫПТАР САҚТАЛАДЫ

БҮГІНГІНІҢ ӘДЕБИЕТІ ҚАНДАЙ БОЛУЫ КЕРЕК?

Оқырман телефонын ғана шұқы-лап, көркем әдебиеттен мүлдем алыстап кетпеуі үшін бүгінгі әдебиет қандай болуы тиіс?! Иә, шынымен де егер әдебиет баяғыдай ауылдың қоңыр кешін, шам жарығында кітап оқып, махаббатын күтіп сарғайған мұңлы кейіпкермен шектеліп қал-са, онда оқырманды кідірту қиын, сондықтан бүгінгі әдебиет бүгінгі болуы тиіс. Ол қалай? Біріншіден, бүгінгі адамның басы қандай ойға толы болса, сол айтылуы керек. Жұ-мысқа екі автобуспен қатынаймын, сонда байқағаным – қазіргі адамның көбі шаршаңқы, бірақ онысын мойындамайды. Бірдеңеден үміттенетіні жүзінде тұр, бірақ күмәні одан көп. Әлеуметтік желіде әсіресе, инстада бәрі бақытты, ал бірақ, іштері ондай емес қой. Осы екіжүзді күйді әдебиет дәл ұстап берсе, оқырман «мені жа-зыпты ғой» дер еді.

Екіншіден, ақша, билік, теңсіздік мәселесі де көрінсін. Әдебиет күн-делікті өмірдің күйкі тірлігін, май-да-шұйдесін емес, ұлы ойларды ай-туы тиіс дегенге де келісем, бірақ, біз кейде шығармадан өзімізді көр-гіміз келеді. Бұрын бай мен кедейдің арасы бір көшенің немесе квартал-дармен бөлінсе, қазір бір подъездің ішінде біреу онлайн курспен байып жатыр, екіншісі сол курсты сатып алу үшін несие алып жүр. Әдебиет осы абсурдты шындықты пафоссыз, дөп басып айтуы керек.

Үшіншіден, табиғат пен адам қа-тынасы тақырыбы қалыс қалмаса.

Қазір табиғатты сүю трендке айнал-ды, акцияларды көргенде «ой, күшті екен» дейміз, бірақ, сол табиғатты сүйетінімізді дәлелдеп саябаққа ба-рып жапырақ жинау үшін дүкенге барып тағы бір пластик бөтелке са-тып аламыз немесе пластик қалтаны қоқыс шелекке дұрыс салмай ұшырып жібереміз. Әдебиет осы қайшылықты көрсеткенде ғана әсерлі болады.

Төртіншіден, технология мен жал-ғыздықты да көтерсе. Қазіргі уақыт-та байланыс құралдарының тұр-түрі бар, бәріміз байланыста сияқтымыз, бірақ ешкім ешкіммен шын сөйлес-пейді. Бір үйде отырып, үш адам үш түрлі экранға қарап үнсіз отыраты-ны трагедия ма, комедия ма? Жақсы жазушы екеуін де қатар бере алады.

ДӘСТҮРЛІ КЛАССИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТТІҢ СИПАТЫ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРЕДІ?

Классика өлмейді, жалпыадам-заттық тақырыптар, мінез сипаттау, эстетикалық шынайылық деген бел-гілер сақталады, бірақ олар сәл өзге-руі мүмкін: мысалы, бұрынғыдай хат жазылмайды, екеуара сырдың бәрі өшіп кеткен чаттарда қалады. Ар-ұят өлшемі өзгеруі мүмкін, бұрын ұят саналғандар қазір қалыпты санала бастады ғой. Қоғам мен адам ара-сындағы күрес бар, бірақ, бұрынғы-дай соғыс ашып жатпай коммент жа-зып, ашық үн қатуға болады. Ендігі шығармаларда автор тым асқақ сөй-лемей, кейде қалжындап, кейде ауыр ойды жеңіл жеткізуі мүмкін, өзін соны күтемін. Қысқасы, болашақ әдеби-ет адамды түзеп, тәрбиелеймін деп

емес, адам-байғұсты түсінемін деп жазылатын шығар, шынында бізге ақыл айтпай, қиын кезде жай ғана «сен жалғыз емессің» дейтін болса, сол жеткілікті.

ҚАЗІРГІ БАЙҚАУЛАР КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ САПАСЫНЫҢ ӨСУІНЕ ӘСЕР ЕТЕ МЕ?

Иә, бізде әдеби байқаулар бар-шылық, ол жақсы, солардың арқасын-да жаңа авторлар келіп жатыр, бірақ, бұл жерде сапаны көтерудің мынадай мәселелері бар. Иә, айтпақшы, сапа туралы айту үшін бірінші, әдеби сын – тірі процесс болуы керек. Мыса-лы, үлкен әдеби байқаулар өтті ме, «Айбоз» болсын, «Ұлы дала», «Ал-тын тобылғы», «Алтын қалам», басқа болсын, үздік шығармалар тандалып, жария болғаннан кейін жүлде беріл-ді, фотоға түсті, құттықтау айтылды, сонымен болады. Ал негізі бүкіл әң-гіме сол жерден басталуы керек қой. Мысалы, әр жүлделі шығармаға кемі екі түрлі көзқарастағы сыншы пікір жазса, бірі шығарманың ерекшелі-гін, мәтіндегі күшін айтсын, екіншісі осал тұсын ашсын. Сонда жас автор мақтау үшін емес, өсу үшін оны оқи-ды. Сын мақтауға да, жамандауға да емес, түсіндіруге қызмет етуі керек. Бұл жерде рецензия жазатын сын-шы-әдебиетшіге қаламақы төлеу өте маңызды. Сын тегін болған жерде жауапкершілік азаяды, еңбек баға-ланғанда сын да салмақтанады, ой да тереңдейді. Қаржыны кім төлейді дегенде, бұл жерде тек мемлекет емес, мәдени қорлар, баспалар, пор-талдар бірлесіп жүйе құра алады.



Екіншіден, ашық пікір алаңы керек. Ол үшін әдеби порталдарда «рецен-зия плюс пікір» форматын енгізуге болады. Яғни, кәсіби сыншы жазған-нан кейін, оқырман да пікір қалдыра алсын. Бірақ бұл фейсбуктегі сияқты жәй пікір емес, нақты сұрақтармен бағытталған пікір болуы тиіс. Мы-салы, кейіпкер сендіре ме, тілі ауыр емес пе, сюжет қай тұста әлсіреп тұр деген сияқты. Оқырман да ой-лануға мәжбүр болады. Үшіншіден, жүлдеге ілікпеген шығармаларды да жариялау керек. Себебі кейде байқау форматына сыймаған, бірақ әдеби тұрғыдан мықты дүниелер болады. Егер олар да талқыланса, әдеби ор-тада әділдік сезімі күшейеді. Бұнда жүлде алмаған деген үкім емес, ал жаңағыдай көзқарастан әдебиеттің даму нүктесі екенін бәрі түсінер еді.

Сондай-ақ, жастардың панорама-лық шығармалар жобасы бойынша қаншама шығарма жазылып жатыр, оны халық білмейді, олар кітапха-наларға түседі, ал бірақ, әрі қарай насихаты жоқ деуге болады. Осы еңбектерді бірнеше әдебиетшіге қа-ламақысын төлеп оқытып, соның әрқайсысы бойынша мақалалар жа-зылып, талданып отырса, қозғалыс болар еді. Шығарманың несі бар, несі жетпей жатыр дегенге жас қаламгер-лер де ойланар еді. Әйтпесе, әдеби

орта өзімен-өзі, халық арасындағы оқырман өзімен-өзі.

Бізде жас автор мен сыншы ара-сындағы тікелей диалог жетіспейді. Дөңгелек үстел емес, шынайы әң-гіме форматындағы диалогты ай-там. Өттең сыншы жоқ, жетіспейді, егер сыншыға жарысақ, бір шығарма алынар еді де, авторға сыншылар нақты сұрақ қояр еді. «Неге бұлай жаздың, мына жерді неге қиып тас-тадың, бұл образ қайдан келді» деп сұрар еді. Бұл ең пайдалы мектеп бо-лар еді. Автор-сыншы-оқырман бәрі бір кеңістікте кездескенде ғана әдеби процесс басталады. Сол кезде сапа да өзі сұранып шығады.

ЖИ-ДІҢ ӘДЕБИЕТКЕ ӘСЕРІ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?

Ең әуелі мынаны түсіну ке-рек: Адам не үшін жазады? Аса са-кральдандырудың қажеті жоқ, адам жазғанда өзінің ішкі күйінен, құйы-лып келіп жататын сөйлемдерінен, кейіпкерін түсініп отырғанынан ләз-зат алуы мүмкін, ал бұның бәрін ЖИ-ге берсең, онда не үшін жазасың? Күмәндану, тоқтап қалу, бір сөйлемді он рет өшіру, ішкі қарсылықпен күре-су, осының бәрі шығарманың бір бөлігі. ЖИ-де мұндай ішкі қақтығыс жоқ, сондықтан оның мәтінінде «із» болмайды. «Ізсіз» жазудың не мәні бар? Жазған кезде сен өзіңе, өз бол-мысыңа жақындайсың. Ол орташа болуы, қарапайым болуы мүмкін, бірақ, идеально жазамын деуге тал-пынбаймын да, өйткені мінсіздікке ұмтылған сайын, автор өз дауысынан алыстауы да мүмкін. Ең әуелі шынайы болуы керек. Шынайы. Өзіндікі. Қа-лай көрдің, қалай сезіндің, не кеш-тің, үрейің, басқан... Адам мәтінге өз өмірінің сорабын, қорқынышын, ұялысын, кейде өзі мойындамайтын ойларын араластырады. Ол кейіп-керді жазып отырып, өзін де бай-қамай ашып қояды. ЖИ оны қалай жазады? Ол ондай тәуекелге бармай-ды. Ол қауіпсіз аймақтан шықпайды, өйткені оған ұят та, үрей де тән емес. Сондықтан оның жазғаны дұрыс бо-луы мүмкін, бірақ тірі болмайды.



ЕҢБЕКАҚЫ МЕН ТАУАР БАҒАСЫ ТЕҢЕСПЕЙ ТҰР

Қазақстан үшін 2025 жыл әлеуметтік саясат тұрғысынан маңызды кезең болды. Балалы отбасыларға, көпбалалы аналарға және мүгедектігі бар азаматтарға төленетін жәрдемақылардың көбеюі әлеуметтік қолдаудың маңызды элементіне айналды.

Мақсатты әлеуметтік көмек (МӨК) жүйесіне бөлінетін қаржы бірнеше есе артты. Бұл төмен табысты отбасыларды қолдауға мүмкіндік бергенімен, жәрдемақыға тәуелділік мәселесін де күн тәртібіне шығарды. Ал қиындықтар мен сындарға келетін болсақ, әлеуметтік төлемдер жүйесін қайта қарау туралы ұсыныстар кейбір топтар үшін алаңдаушылық тудырды. Сондай-ақ тұрмыстық шығынның өсуі халықтың нақты табысын қысқартып, әлеуметтік қолдаудың қажеттілігін арттырды.

Енді оң өзгерістерге жеке-жеке тоқталсақ Үкімет әлеуметтік саясатты әлеуметтік теңсіздік пен кедейлік деңгейін төмендету, халықтың әл-ауқатын көтеру бағытында жоспарлады. Денсаулық сақтау мен білім беру саласына да әлеуметтік инвестициялар жасалып, қолжетімділікті арттыру мақсатында реформалар жүргізілді. Атап айтқанда, 1 қаңтардан бастап мемлекет зейнетақы мен әлеуметтік төлем мөлшерін инфляция деңгейіне қарай орташа 6,5%-ға, ал ынтымақты зейнетақыны 8,5%-ға арттырды. Бұл 2024 жылмен салыстырғанда нақты табысты қолдауға бағытталған басты қадамның бірі болды. Сол реформа шеңберінде: базалық зейнетақы мен ең төменгі төлем көтерілді. Көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақы артты. Нәтижесінде, зейнеткер мен әлеуметтік қолдауға мұқтаж азаматтардың төлемдерден алатын нақты табысы жақсарды.

Әлеуметтік көмекке бөлінген қаржы төрт есе өсіп, 132,9 млрд теңгеге жетті. Бұл 2024 жылмен салыстырғанда миллион адамға

әлеуметтік қолдауды кеңейтуге мүмкіндік берді. Тұрмыс деңгейі төмен топтарға мақсатты жәрдемақылар беріліп, коммуналдық және азық-түлік шығынының өсуіне байланысты критерийлер де өзгерді. Сонымен қатар, осы жылы тіркелген 285 200 жұмыссыз адамға салықтық әлеуметтік сақтандыру төлемі берілді.

Жұмыссыздық деңгейі 4,5-4,7% аралығында сақталды. Бұл халықаралық стандарт бойынша салыстырмалы түрде төмен көрсеткіш. Мемлекет жұмыспен қамтудың белсенді бағдарламасын жалғастырып, жастар мен әлеуметтік осал топтарға арналған қысқа мерзімді жұмыс орындарын, қайта даярлау курстарын ұсынды.

Енді қиындықтарға келетін болсақ, Еңбек пен әлеуметтік қорғау министрлігі Әлеуметтік кодекске өзгерістер енгізуді жоспарлап, әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақыларды алудағы талаптарды қатаңдату мүмкіндігін талқылады. Атап айтқанда, тіркеу мекенжайы жоқ азаматтарға төлемдер уақытша тоқтатылуы мүмкін. Бұл ұсыныстар қоғамда кейбір әлеуметтік топтар үшін алаңдаушылық тудырды. Биыл әлеуметтік желілерде және қоғамдық пікіралмасуда ел тұрғындары көбіне тұрмыстық шығынның өсуіне байланысты жалақы мен өмір сүру деңгейінің теңгерімсіздігін белсенді талқылады. Сонымен қатар, әлеуметтік қолдаудың тиімділігі мен мақсаттылығы туралы да пікірлер әртүрлі. Кейбіреулер төлем жеткіліксіз екенін айтса, басқалары реформалар мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелерін орындауға бағытталғанын атап өтті.

ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК КӨҢІЛ-КҮЙІНЕ ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР

2025 жылы елде экономикалық өсім сақталғанымен, инфляция, тұрмыс құнының артуы, аймақтар арасындағы теңсіздік сияқты факторлар халықтың әлеуметтік көңіл-күйіне өз әсерін тигізуде. Ор-



СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Ақмарал МОЛДИЯРҚЫЗЫ, әлеуметтанушы:

Әлеуметтік салада соңғы жылдары өзгерістер көп. Мәселен, біздің жақта (Түркістан, Шымкент) мектептегі бастауыш сыныптарына 100% ыстық тамақ ұйымдастырылады. Сосын қоғамдық көліктерде оқушылар ақы төлемейді. Бұл олардың бос уақытын тиімді пайдалануға керемет жол ашады. Биыл әр отбасындағы балалар бір-бір үйірмеге ақы төлемей баруға мүмкіндік алды. Оны қаржыландыруды да мемлекет өз есебіне алды. Оңтүстік өңірлерде жалақы төмендігі мен демографиялық өсімнің жоғары екенін, тіпті, атаулы әлеуметтік көмекті ең көп алатын осы біздің өңірлер екенін ескерсек, көптеген отбасы балаларына тамағы мен киімін түзгендеуден арыға бара алмай отыр. Ал сол отбасының тамағы тоқ, жолақысы тегін, сабақтан соң өз қызығушылығын ақы төлемей дамыта алатын баласын елестетіңізші? Біз идеологтар мен педагогтар балаларға осы мүмкіндіктерді пайдалану мен ізденімпаздығын арттыруды түсіндіруіміз керек. Биылдан бастап барлық мектептерде стоматологиялық кабинет ашу қолға алына бастады. Шымкентте дәл қазір осы бағытта 17 стоматологиялық кабинетке медициналық жабдықтар алуға 50 млн-нан астам қаржы бөлінді. Оны күні кеше қала әкімінің орынбасары Сәрсен Құранбек брифингте айтты. «Тісі сау адамның тәні сау» демекші, тән сау болса, жан сау. Адамзат саулығын балалардың тісінен бастау да мемлекеттік саясаттың әлеуметтік саладағы бағытының дұрыстығы дер едім. Бұған дейін барлық клиникада балалардың тісін емдеу ақысыз болса, енді тіпті мектептен кабинет ашылмақ. Бұл балалардың салауатты өмір салтын сақтауға, элиталық мінез-құлқын қалыптастыруға, эстетикалық танымын арттыруға қызмет ететін өзгерістер. «Ел болашағы», «балалар үшін» деп ұрандататын біздер балаларға осындай жағдайды жасай алмасақ, ендігі қызметіміз де, дамуымыз да бос болар еді. Содан кейін әлеуметтік саладағы ең жақсы өзгерістер деп онлайн қызмет түрлерінің артуын, құжаттандыру жұмыстарының жеңілдеуін айтар едім.



Жоғары тарифтер мен геосаяси шиеленістің күшеюі қауіп ретінде сақталғанымен, соңғы жиырма жыл ішінде ЕЕМЕА өңірінде (Шығыс Еуропа, Таяу Шығыс, Африка) сауда байланыстары біртіндеп дамыған экономикалардан өңірдің өзге елдеріне және

басқа да дамушы нарықтарға бағытталып келеді.

МЕІ жаһандық сауданы қайта ұйымдастыру үдерісі 2026 жылы сауда ағындарын, инфляция динамикасын және тұтынушылық шығындарды өзгерте береді деп болжап отыр. Бұл өзгеріс-

тердің өзегінде әлемдегі ең ірі экспорттаушы және жаһандық электрондық коммерциядағы жетекші күш саналатын Қытайдың құрлықтық бөлігі тұр. АҚШ тарифтерінің Қытай экспортының Америкаға бағытталған көлемін қысқартуына байланысты басқа экономикалар қытайлық жеткізушілермен ынтымақтастығын арттырған.

Цифрлық трансформация, әсіресе жасанды интеллектті тереңірек интеграциялау, өнімділік деңгейін және экономикалық өсім қарқынын арттырады деп болжануда. Цифрлық құралдар шағын кәсіпорындарға операциялық үдерістерді оңтайландыруға, шығынды азайтуға және бәсекеге қабілеттілікті арттыруға мүмкіндік береді. Алайда ШОБ-ты цифрландыру үдерісі әлем бойынша біркелкі емес. Өйткені ШОБ табысты болуы үшін стратегиялық икемділік пен цифрлық дамуға дайын болуы аса маңызды. Ең икемді әрі технологиялық тұрғыдан дамыған компаниялар өсімді жеделдету үшін ең қолайлы жағдайда болады. Жергілікті технологиялық шешімдерге және неғұрлым салалық ұсыныстарға сұраныс артып келеді. Жоғары сапалы қызметтер сегментіне шығу, ШОБ-қа, дәстүрлі түрде ірі компаниялар үстемдік еткен салаларда тиімдірек бәсекелесуге жол ашады.

САРАПШЫ ПІКІРІ

Бауыржан ИСКАКОВ, экономист:

Экономика саласындағы басты өзгеріс мемлекеттік экономикалық саясатының қысқа мерзімді өсу стимулынан орта мерзімді құрылымдық тұрақтылыққа бет бұруда. Бұл өзі бір ғана көрсеткіш емес, басымдықтардың өзгеруі деп айтуға болады. Негізгі мазмұнын айтатын болсақ өсу сапасына қойылатын талаптың күшеюі. Экономикалық өсім 4,5-5 пайыз аралығында қалыптасты. Мұның негізгі ерекшелігі – өсіммен ғана емес оның құрылымдық жағдайының өзгерістерімен байланыстылығы. Мұнай-газ әлі де рөл ойнап отыр. Оны түсіну керек. Алайда ішкі өнімдегі үлес: өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, көлік, логистика, қызмет көрсету есебінен кеңейіп отыр. Бұл экономиканың әртараптануындағы белгілердің пайда бола бастағандығын аңғартады.

Екінші, мемлекеттің экономикадағы рөлін кеңейтуден тиімді басқаруға ауыстыру деп айтуға болады. Бюджет саясаты бұрынғыдай кең көлемде ынталандыруға емес, талдамалы қолдауға көшті. Яғни инфраструктуралық, өңдеу секторлары экспортқа бағдарланған өндірістерге фискалды тәртіп пен борыштық тұрақтылыққа басымдық берілгенін көрсетеді.

Үшінші, инвестициялық модельдің өзгеруі. Биылғы басты тренд – мемлекеттік инвестициядан жеке инвестицияны тартуға көшу. Мемлекет пен жеке әріптестік, мемлекеттік секторды реформалау, реттеуші кедергілерді азайту арқылы капитал тарту күшейіп отыр. Инвестиция көлемінен гөрі инвестиция сапасы алдыңғы орынға шығып отыр.

Төртінші, макроэкономикалық тәртіптің қатаюын айтуға болады. Инфляциямен күрес, ақша-несие саясатының қатаңдығы, бюджет тапшылығын бақылау өсімді қысқа мерзімде баяулатуы мүмкін. Бірақ ұзақмерзімді тұрақтылықтың негізін қалайды. Яғни, экономика жылдам өсімге емес, тепе-теңдікке бейімделе бастайды деп айтуға болады.

Бесінші, әлеуметтік шығындардан өнімділікке көшуді айтуға болады. Әлеуметтік қолдау сақталғанымен мемлекеттің риторикасы жалақыны әкімшілік жолмен көтергеннен гөрі өнімді жұмыс орындарын құруға ауысып отыр. Бұл экономикалық дамудың институционалдық жетілуінің белгісі.

Ойымызды қорытындылайтын болсақ, жылдың басты экономикалық өзгерісі – Қазақстан экономикасының өсім үшін өнім моделінен тұрақты әртараптандырылған және инвестицияға негізделген даму моделіне өтуі. Бұл үрдіс бір жылда толық нәтиже бермейді. Бірақ осы бағыт алдағы 4-5 жылда қалыптасатын болса, экономиканың шешуші факторы болуы әбден мүмкін.



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШАДЫ

Mastercard Economics Institute (MEI) «Экономикалық болжам» атты жыл сайынғы есебін жариялады. Онда жаһандық экономикалық ахуалды қалыптастыратын негізгі үрдістер көрсетілген. Бұл есепке қарағанда 2025 жылы басты назарда болған саяси өзгерістер 2026 жылы да экономикаға өз ықпалын жалғастырады. Сонымен қатар жаһандық бөлшектену белгілі бір күйзеліс тудырағанымен, жасанды интеллектті кеңінен енгізу жаңа мүмкіндіктерге жол ашуда.

MEI болжамы бойынша әлемдік ЖІӨ өсімі 2025 жылғы 3,2% пайыздан 2026 жылы 3,1%-ға дейін баяулайды. ЖІӨ өсімі Орталық Азияда келер жылы шамамен 4,5% болады. Тұрақты ішкі сұранысқа байланысты ең жоғары өсім Өзбекстанда – 6% деңгейінде болуы мүмкін. Ал Қазақстанда экономикалық өсім мұнай өндіру көлемінің әлсіреуінен 4,5%-ға дейін баяулайды деп болжануда.

MEI дүниежүзілік инфляцияның 2025 жылы күтілген 3,9%-бен салыстырғанда келесі жылы 3,4%-ға дейін төмендейді дейді. Оған әсер ететін негізгі фактор – тариф. АҚШ-та бағаға жоғары қысым сақталса, өзге экономикаларда Қытайдан импорттың артуы, шикізат бағасының төмендеуі және валюта бағамдарының өзгеруі аясында инфляция бәсең-

деуі мүмкін. Инфляцияның баяулауы бірқатар Орталық Азия елдерінде болжануда. Алайда Қазақстанда ҚҚС мөлшерлемесінің көтерілуі базалық инфляциялық қысымды күшейтіп, инфляция деңгейінің жоғары болуына әсер етуі мүмкін.

Инвестициялар өсудің негізгі қозғаушы күші болмақ. Орталық Азияда жаңа кәсіпорындарға бағытталған тікелей шетелдік инвестициялар (ТШИ) жобалары көмірсутекті алу мен өндіру секторынан жаңартылатын энергия көздеріне, логистикаға және цифрлық салаларға қарай бетбұрысты көрсетеді. Сонымен қатар Қытайдың құрлықтық бөлігінен және Парсы шығанағы елдерінен келетін инвестициялардың артуы, өңірдің стратегиялық маңыздылығының күшейіп келе жатқанын айқындайды.

– Әли Әбдікәрімұлы, өңірлердің дамуы – сіз жиі назар аударатын тақырыптың бірі. Биыл аймақтардың әлеуетін арттыруға бағытталған қандай заңдар немесе түзетулерді ерекше атап өтер едіңіз?

– 2025 жыл Парламент үшін заңнамалық тұрғыдан өте белсенді жыл болды. Қабылданған заңдар өңірлерді дамытуға, аймақтардың әлеуетін жақсартуға, бюджеттік және салықтық саясатты үйлестіруге, сонымен қатар, халықаралық келісімдерді ратификациялауға бағытталды. Парламент депутаттары жыл басынан бері елдің саяси және орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуге арналған 102 заңды қабылдады. Ең маңызды кодификацияланған актілердің қатарында Бюджет кодексі, Салық кодексі, Су кодексі, Құрылыс және Цифрлық кодекстер болды. Бұл заңдар мемлекетіміздің қаржылық тұрақтылығын, аймақтық даму әлеуетін және азаматтардың құқықтық қорғалуын қамтамасыз ететін негізгі құжаттар.

Бюджет кодексі бюджеттік реформаның негізгі кезеңіне айналып отыр. Жаңа құжат өңірлерге қаржыны тиімді, ашық және халыққа жақын басқаруға мүмкіндік беріп, өкілеттіктерді бөлу қағидаттарын бекітті және билік өкілдеріне қаражат жұмсаудың ашық түрін орнатып отыр. Атап айтқанда, Бюджет кодексі бойынша шешілген негізгі мәселелер ретінде өңір бюджеттерінің тұрақты әрі нақты жоспарлануын, әкімдіктер тарапынан шешім қабылдауда еркіндік берілуін, қаражаттың бір бөлігін өздері қайта бөле алуын, пайдаланылмай қалған ақша жоғалып кетпей, келесі жылы іске жұмсалудың бюджет процесі жеңілдеп, жұмыс жылдамырақ болуын, қарыз алу мен шығындар қатаң бақылануын, тұрғындардың бюджет қаражатын бөлуге тікелей қатысуының қарастырылғанын айтуға болады.

Ал, Су кодексі еліміздегі су қауіпсіздігін және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл тек экологияны қорғау емес, сонымен бірге азаматтар мен экономика үшін су тапшылығы мен ластану қаупін азайтуға бағытталған. Су кодексі аймақтарда ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптің тұрақты дамуына, сондай-ақ тұрғындардың қауіпсіз ауыз суға қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Өңірлерді дамытуға бағытталған заңдардың ішінде «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы» заңды айтуға болады. Бұл арнайы заң Мемлекет басшысының қалаға рухани және тарихи орталық ретінде ерекше мәртебе беру тапсырмасына сәйкес әзірленген. Заң бойынша Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің бірегейлігін сақтау үшін Түркістан қаласының аумағында мұра объектілерінің өмір сүруіне қауіп төндіретін жұмыстарды жүргізуге, сондай-ақ биіктігі жеті метрден асатын және кесененің күзет аймағының шекарасынан жүз метр қашықтықта ауқымы, түсі және құрылыс материалдары бойынша тарих және мәдениет ескерткіштерімен сыйыспайтын объектілерді салуға тыйым салынуда.

– Сіз бастамашы болған немесе тікелей атсалысқан заң жобаларына тоқталсақ. Сол бастамалардың негізгі мақсаты қандай және қазір қандай нәтиже беріп жатыр?

– Жалпы, 2025 жылы Сенат депутаттары 15 заң жобасына бастамашы болды. Солардың ішінде агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға қатысты бірқатар заңдар бастамашы ретінде маған тиесілі. Олардың қатарында маңызды заңдардың бірі «Органикалық өнім өндірісі мен айналымы туралы» заң. Бұл құжат бойынша жұмыс 2022 жылы басталған болатын. Неліктен мұндай заңды әзірлеу туралы шешім қабылданды? Өздеріңізге белгілі, соңғы кездері көптеген елдерден келіп жатқан азық-түлік өнімдерінің сапасы төмен, гендік-модификацияланған организмдер қосылған өнімдер өтіп жатыр. Ал Қазақстанда органикалық, экологиялық таза өнімдер өндіруге мүмкіндік көп. Ауамыз таза, жеріміз таза, мамандарымыз бар. Олай болса, органикалық өнім өндіріп, өзімізді қамтамасыз ету және оны экспорттау үлкен перспективаға ие. 2015 жылдан бастап елімізде «Органикалық өнім өндіру туралы» заң жұмыс істейді. Бірақ, өкінішке қарай, бұл заңның нормалары ескірді және органикалық өнімнің ішкі нарығын қалыптастыру мен дамыту, отандық мақам өнімдерін өндірушілерді органикалық өнім өндірісіне ынталандыру және олардың сыртқы нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жеткіліксіз болды. Занда органикалық өнімдерді өндіруге көшу жағдайлары, оларды өндіруге және таңбалауға, органикалық өнімдердің айналымына қойылатын тікелей талаптар қарастырылып, органикалық өнімдерді есепке алу мен қадағалау жүйесі енгізілген. Тұтастай алғанда, заң елде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сапалы және экологиялық таза өнімді тұтынуға оң ықпал етті.



Әли БЕКТАЕВ, Парламент Сенатының Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің төрағасы:

«СЕНАТ ЗАҢДАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫН ТҰРАҚТЫ БАҚЫЛАЙДЫ»

...алаңдаушылық тудырған маңызды құжат – «Жасанды интеллект туралы» заң. Бұл құжат жасанды интеллектті адамға көмектесетін құрал ретінде қарастырады. Сондықтан жеке деректерді қорғау, қауіпсіздік және жауапкершілік мәселелері, оның балаларға берер кері әсерін тиісті органдар бақылауда ұстаулары тиіс. Бұндай заңдарды жетілдіріп отыру керек. Ал, оны қабылдамау, әлемдегі алдыңғы технологиялардан қалып қою қаупін туғызады.

те көптеген ережелер өзгерді, азаматтар үшін маңызды нормалар енгізілді. Сонымен қатар, тұрғын үйге мұқтаж қазақстандықтар үшін жағдай жақсарады. Қабылданған жаңа заңға сәйкес, мемлекет бұрынғы категориялық принциптен бас тартып, соңғы 5 жылда тұрғын үйі болмаған барлық азаматтарды есепке қоюға мүмкіндік береді.

Жаңа Салық кодексі де көп сұрақ тудырды. Салық мөлшерлемелеріне қатысты өзгерістер ел экономикасы мен кәсіпкерлердің жағдайын ескере отырып қаралды. Алдағы жыл сол Салық кодексінің ақ-қарасын ажырататын жыл болады деп ойлаймын.

Парламент қоғамда талқыланған заңдарды қабылдағанда халықтың пікірін ескеріп, елдің қауіпсіздігі мен болашағын басты орынға қойды. Тиісті қоғам белсенділерімен, қоғамдық ұйымдармен талқыланып барып, шешім қабылданады.

– Заң қабылдаумен шектелмей, оның орындалуын бақылау да маңызды. Бұл тұрғыда Парламенттің атқарушы билікке ықпалы күшейді ме?

– Заң қабылдау – мемлекеттік басқару тізбегінің алғашқы кезеңі ғана. Биыл Сенаттың тұрақты комитеттері заң шығару қызметімен қатар палата жоспарына сәйкес, 2 парламенттік тыңдау, 5 үкімет сағатын, 50-ден астам көшпелі отырыс, 100-ге жуық дөңгелек үстел мен кездесулер өткізді. Барлық іс-шараларға өңірлердегі маслихат депутаттары қатысып, өз пікірлерін айтып отырады. Осы жұмыстың аясында Президент тапсырмаларының, заңдардың және мемлекеттік бағдарламалардың орындалу барысы жан-жақты талқыланды. Бұдан басқа, әріптестеріміз 130-дан аса депутаттық сауал жолдап, Үкіметке өзекті мәселелерді шешу жолдарын ұсынды.

Заңның тиімділігі заңдардың нақты іске асуымен өлшенеді. 2025 жылы Парламенттің, соның ішінде Сенаттың бақылау функциялары айтарлықтай күшейтілгенін айтып өту керек. Бюджет кодексінде Парламенттің қаржылық бақылау өкілеттіктері нақты айқындалды. Мемлекеттік борыш, кепілдіктер мен квазимемлекеттік сектор міндеттемелері Парламент бекітетін параметрлерге айналды.

Сенат комитеттері заңдардың орындалу барысын тұрақты негізде қадағалайды.

Қорытындылай келе, бүгінгі Парламент – заң қабылдаумен шектелмей, оның орындалуын қамтамасыз

ететін, атқарушы биліктің есептілігін бақылайтын толыққанды институт. Бұл – құқықтық мемлекет қағидаттарын нығайтуға бағытталған жүйелі және саналы қадам.

– Өңірден түскен ұсыныстар мен мәселелер заң шығару процесіне қалай әсер етті? Халықтың ұсынысы ескеріліп жатыр ма?

– Сенат депутаттары өңірлерге барған кезде жергілікті тұрғындармен, жергілікті өкілетті және атқарушы билік өкілдерімен кездесулерді тиімді кері байланыс арнасы ретінде пайдаланады. Өйткені, сол кездесулер арқылы Сенат жұмысында қолданылатын бастамалар мен ұсыныстар жиналып, ұлттық заңнаманы жетілдіруге, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жұмысын жақсартуға, өңір экономикасын дамытуға негіз болады. Жалпы, Сенаттың сессияға жасалатын жоспары да көбінесе осы кезеңде жиналған ұсыныстарға сүйене отырып құрылатыны анық. Мұндай өзара әрекеттесу айтарлықтай нәтиже беріп отырғанын байқауға болады. Мысалы, Бюджет кодексін қарау кезінде Сенат қабырғасында 90-нан астам түзетулер енгізіліп, олардың басым бөлігі – өңірлердің ұсыныстары болды.

2026–2028 жылдарға арналған ҚР Республикалық бюджет туралы заңын Сенатта қараған кезде, Түркістан облысына (тұрғын үй-коммуналдық меншікке, инженерлік, көліктік және

66%-ы шөлейттенген. Халықаралық мамандар Қазақстанда гумустың жоғалуынан келген жалпы шығынды 2,5 млрд долларға бағалайды. Жайылымдардың тозуынан болатын жыл сайынғы шығын 963 млн долларға тең, егістіктің эрозияға ұшырауына байланысты жоғалған табыс – 779 млн доллар, қайталама тұз басуға байланысты шығын – 375 млн доллар. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы өнімдерін өсірудің қарабайыр технологиялармен шиеленіскен экологиялық проблемалардың әсерінен Қазақстанның құнарлы жерлерінің тозуы жалғасуда. Осының салдарынан елдегі ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділік көрсеткіштері бізге ұқсас табиғи-климаттық жағдайларда орналасқан елдер деңгейінен артта қалып отыр.

Заң жобасында топырақты пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттары, топырақты қорғау объектілері, топырақты қорғау саласындағы мемлекеттік органдардың құзыреті, жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың топырақты қорғау және олардың құнарлылығын арттыру саласындағы құқықтары мен міндеттері, топырақты қорғау саласындағы ғылыми зерттеулердің бағыттары, топырақты қорғау саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін жауаптылық, осы заң жобасында пайдаланылатын негізгі ұғымдар және т.б. айқындалған. Сонымен қатар құжатта топырақты сақтау, қалпына келтіру және қорғау мақсатында топырақты қорғаудың негізгі шаралары айқындалды,

шаруашылық немесе өзге де қызметті жүзеге асыру кезінде топырақты қорғау жөніндегі талаптар және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердегі топырақты қорғау ерекшеліктері белгіленді.

– Бүгінгі Парламентті «шынайы өзгерістер алаңы» деп айтуға бола ма? Депутат ретінде өз жұмысыңызға қандай баға берер едіңіз?

– Өздеріңіз көріп отырғандай, Қазақстанның саяси жаңғыруының қазіргі кезеңі халықтың өкілдік институттарын нығайтуға, бюрократиялық процестерді қысқартуға және заң шығару процесінің тиімділігін арттыруға ұмтылумен сипатталып отыр.

Бұл талаптар – аймақтардағы сайлаушылармен тұрақты кездесулер, қоғамдық тыңдаулар өткізу, кері байланыс пен цифрлық платформалар және есеп берудің ашық жүйесі сияқты құралдар арқылы жүзеге асырылып келеді және сапалы жаңа демократиялық мәдениетті қалыптастыруға, билік пен азаматтар арасындағы сенімді қарым-қатынас дәстүрін нығайтуға негізделіп отыр.

Бүгінгі күні Сенат депутаттары заңдарды қабылдау, толықтыру мен түзетулер енгізу арқылы, қоғамның әртүрлі мүдделерін, саяси басымдықтарын белгілеп, өңірлердің дамуына тікелей әсер ететін заңдар қабылдауға негіз болып отырғаны даусыз. Осы бағытта депутаттық корпус Қазақстан өңірлерінің мүдделерін күшейтуге, олардың саяси ролін арттыруға, өңір тұрғындарының мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысуына (араласуына) ықпал етіп жатқанын да көріп отырсыздар деп ойлаймын.

ҚР Парламентінің Сенаты Мемлекет басшысы бастамашылық жасаған барлық саяси, әлеуметтік-экономикалық реформаларды заңнамалық тұрғыда қамтамасыз етуге барынша үлес қосып келеді. Бүгінгі Парламентте заңдарға енгізілетін өзгерістер мен түзетулер қоғамда, сарапнамалық ортада және Парламент қабырғасында асықпай талқыланып, қоғамның пікірін ескере отырып, содан кейін ғана қабылданып отыр. Бұл – заман талабы деп ойлаймын.

Азаматтардың белсенділігінің өзгергенін де айтуға болады. Қоғам шешімдерді түсіндіруге, әсіресе күнделікті өмірге әлеуметтік міндеттемелерге, бағаларға тікелей әсер ететін мәселелерде мұқият және талапшыл бола бастады. Реформалар неғұрлым ауқымды болған сайын, оларды түсіндіру мен талқылауға қойылатын талаптар да соғұрлым жоғары болып отыр. Сонымен қатар, қоғам шешімдердің аяғын бақылап, талқылап, бағалауда сабырлық танытатыны да байқалады. Бұл өте жақсы өзгеріс.

Келер жыл еліміз үшін берекелі, мерекелі болсын! Мемлекетіміз ұлттық құндылықтарды ту етіп, өркениет жолында дами берсін. Әр үйге бақыт, береке тілеймін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ЖЫЛЖАБАР

ҚАЗАҚСТАН ЗАҢДАРЫ
ҚАШАН ҚАЗАҚША СӨЙЛЕЙДІ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл Үкіметтің жыл сайынғы заң жобалау жоспары мен бюджеттік-экономикалық реформаларға жауапкершілігінің артқанын көрсетеді. Депутаттардың бастамалары саны жағынан аз болғанымен, қоғамдық пікір тудыратын және әлеуметтік маңызы бар тақырыптарды



қамтыды. Президент бастамасымен енгізілген заңдар, негізінен, институционалдық және стратегиялық реформаларға бағытталды.

Мемлекет басшысы 2022 жылғы жолдауында Қазақстанның жаңа кезеңге қадам басқанын айтып, Конституциялық реформа Жаңа, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы аса маңызды қадам болғанын, еліміздегі саяси жаңғыру енді экономикалық өзгерістерге ұласуға тиіс екенін мәлімдеді. 2022 жылғы Президент пен 2023 жылғы Мәжіліс және мәслихат депутаттарының сайлауынан кейін Үкімет құрамы жасақталатынын жариялады. Соның нәтижесінде 2023 жылдың ортасында Президент, Парламент, Үкімет сияқты негізгі саяси институттардың бәрі қайта жаңғырып, жаңаратынын, осы қадамның бәрі «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» атты формуланы нақты мән-мазмұнмен байыта түсетінін айтқан еді.

Сол себепті біз Парламентте қабылданатын заң жобаларының соңғы 3 жылдағы құрылымына көз жүгіртіп көрдік. Мәселен, Президент бастамасымен қабылданған заңдар 2023 жылы – Конституциялық реформаларды іске асыру, саяси жаңғыру; 2024 жылы – мемлекеттік саясатты нақтылау, Ұлттық жобалар; 2025 жылы – Институционалдық реформалар мен стратегиялық салаларды қамтыды.

Депутаттар бастамасымен қабылданған заңдар: 2023 жылы – әлеуметтік мәселелер, құқық қорғау саласы, жекелеген қоғамдық бастамалар; 2024 жылы – әлеуметтік-құқықтық бастамалар, отбасы, жастар, қоғамдық тәртіп; 2025 жылы – қоғамдық-саяси резонанс тудыратын жобалар, құндылықтар мен тәртіп мәселелеріне бағытталды.

Үкімет бастамасымен қабылданған заң жобалары: 2023 жылы – бюджет және салық, экономикалық реформалар, әлеуметтік саясат, мемлекеттік басқару; 2024 жылы – экономика және инвестиция, әкімшілік және цифрлық реттеу, әлеуметтік кодекстерге өзгерістер; 2025 жылы – республикалық бюджет, салық және қаржы, жасанды интеллект, цифрландыру, әлеуметтік және әкімшілік реформаларды қамтыды. Үкімет өз қызметін жүзеге асыру барысында заң жобасын жасап, шығарудағы үлесі 2023 жылы 75-80, 2024 жылы 70-75, 2025 жылы 75-80 пайыз аралығында болды

Жалпы алғанда, 2023–2025 жылдардағы заң шығару тәжірибесі Қазақстанда атқарушы биліктің заңнамалық процестегі жетекші рөлін айқын көрсетеді. Президент бастамалары мемлекеттік дамудың стратегиялық бағытын заңнамалық тұрғыда бекітсе, депутаттық бастамалар қоғамдық маңызы бар мәселелерді көтерудің негізгі тетігі ретінде сақталып отыр.

2025 жылғы заңнамалық өзгерістердегі негізгі трендтер

2025 жыл Қазақстан заңнамасы үшін күрделі әрі маңызды жыл болды. Цифрлық, экономикалық, әлеуметтік және құқықтық реформалар жүйелі түрде жүзеге асырылды. Инновацияны ынталандыру, азаматтар мен бизнеске жаңа құқықтық кепілдіктер беру сияқты позитивті бағыттарға бағытталса, кейбір ережелер әлеуметке және адам құқығына қатысты пікірталас тудырды.

Қазақстан заңнамасында биыл қоғамның әлеуметтік, экономикалық, технологиялық және құқықтық салаларын қамтитын бірнеше маңызды өзгерістер болды. Олардың арасында: инновация мен этиканы теңестіруге бағытталған «Жасанды интеллект туралы заң» (18

қаңтар 2025 ж.) бар. Құқықтық жүйе мен әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі өзгерістер бойынша жеке деректерді қорғау және электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) қолдану талаптарының күшейтілуі; Қылмыстық кодекстегі оңтайландырулар бойынша сотталған азаматтардың құқықтары мен үкім орындау тәртібі бойынша түзетулер; Көлік құралдарын, тұрғын үй-коммуналдық қызметтерді реттеу, ауыл шаруашылығы мен фермерлерді қаржылай қолдау бағдарламалары сияқты тұрмыстық заңнамалар да дер кезінде қолға алынған құжаттар. Интеллектуалдық меншік (IP) заңнамасын жетілдіруде тауар белгілері, патент және авторлық құқық бойынша жаңа талаптар мен жеделдетілген рәсімдер пайда болды. Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласында қоғамдық орындарда бетті жабатын киімге және «ЛГБТ насихатына» тыйым салу Парламентте мақұлданды.

Соңғы екі жылды салыстырмалы талдау 2025 жылдың заңнамалық реформалар жиынтығы 2024 жылдан әлдеқайда кең әрі терең екенін көрсетеді. Жаңа заңдар көптеген салаларды қамтып, 2026 жылға қарай қабылданатын өзгерістердің құқықтық іргесін қалап отыр.

Заң жобалары және мемлекеттік тіл

Қазақстан Конституциясына сәйкес, қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Мемлекеттік тілдің мәртебесі елдің барлық қоғамдық-саяси, әлеуметтік және құқықтық салаларында, соның ішінде заң шығару процесінде толыққанды іске асырылуы тиіс. Алайда іс жүзінде заң жобаларын әзірлеу мен қабылдау тәжірибесінде мемлекеттік тілдің қолданылу ауқымы қоғам күткендей емес. Өйткені Қазақстанда нормативтік құқықтық актілерді әзірлеудің қалыптасқан тәжірибесіне сәйкес:

Ашық дереккөздердегі мәлімет бойынша 2023 жылы қаралған 100-ге жуық заң жобасының мемлекеттік тілдегісінің үлесі 5-7 % болды. Ал 2024 жылы 100-ден астам заңның 8-10 %; 2025 жылы 100-ге жуық заңның 10-12 % ғана қазақша болды. Бұл көрсеткіштер мемлекеттік тілдегі заң жобалары санының баяу болса да өсіп келе жатқанын көрсетеді. Алайда үлестің әлі де төмен болуы мұнда бірқатар жүйелі проблемалардың бар екенін аңғартады.

заң жобаларының басым бөлігі алғашқы нұсқада орыс тілінде дайындалады. Содан кейін қазақ тіліне ресми тәртіппен аударылады. Парламентке енгізілген кезде екі тілдегі мәтін қатар жүреді, бірақ жұмыс процесінде негізгі тіл ретінде орыс тілі қолданылады. Бұл практика әсіресе Үкімет әзірлейтін: бюджеттік, салықтық, қаржылық, техникалық және салалық заң жобаларына тән.

Ашық дереккөздердегі мәлімет бойынша 2023 жылы қаралған 100-ге жуық заң жобасының мемлекеттік тілдегісінің үлесі 5-7 % болды. Ал 2024 жылы 100-ден астам заңның 8-10 %; 2025 жылы 100-ге жуық заңның 10-12 % ғана қазақша болды. Бұл көрсеткіш мемлекеттік тілдегі заң жобалары санының баяу болса да өсіп келе жатқанын көрсетеді. Алайда үлестің әлі де төмен болуы мұнда бірқатар жүйелі проблемалардың бар екенін аңғартады.

Бұл ең алдымен бастамашыға байланысты тілдік айырмашылықтан көрінеді. Мәселен, Үкімет бастамасындағы заң жобаларының қазақ тілінде әзірленуі 3-7 пайызды құрайды. Оның басты себебі: министрліктердегі негізгі жұмыс тілінің орыс тілі болуы; күрделі құқықтық-экономикалық терминология; халықаралық құжаттардың басым бөлігінің орыс тілінде қолданылуы. Депутаттар бастамасындағы заң жобаларының қазақ тілінде әзірленуі 20-30 пайызды құрайды. Бұл әсіресе: әлеуметтік, мәдени, тіл, қоғамдық тәртіпке қатысты жобаларда жиірек қолданылады. Ал Президент бастамасындағы заң жобаларында қазақ тілінде бастапқы әзірлеу үлесі өте төмен; стратегиялық және институционалдық реформалар алдымен орыс тілінде дайындалады.

Мемлекеттік тілдің заң шығару процесінде шектеулі қолданылуының бірнеше институционалдық себептері бар. Олар: құқықтық терминологияның орыс тілінде қалыптасуы; көптеген базалық ұғымдар мен нормалар тарихи түрде орыс тілінде орнығуы; әдістемелік стандарттардың болмауы; қазақ тіліндегі заң мәтіндерін әзірлеуге арналған бірыңғай стандарт пен нұсқаулықтардың жетіспеуі; кадрлық фактор; заң жобасын тікелей қазақ тілінде жаза алатын білікті заңгер-лингвистер санының шектеулігі; қазақша мәтінге деген институционалдық сенімнің төмендігі; қазақ тіліндегі нұсқа көбіне «аударма» ретінде қабылдануы.

Заң жобаларының қазақ тілінде емес, аударма арқылы қолданылуы бірқатар тәуекелдерге әкелуде. Олар: құқықтық нормалар мағынасының бұрмалануы; сот тәжірибесінде екі тілдегі мәтіндер арасында қайшылық; мемлекеттік тілдің конституциялық мәртебесінің формальды сипатта қалып қоюы. Өкінішке қарай бұл мәселені реттеуде заң шығарушы, атқарушы және сот билігі тарапында айтарлықтай үлкен өзгеріс байқалмай отыр. Бірқатар кәсіби мамандардың бұл бағыттағы ой-пікірі біздің басылымда да жарияланғанымен, оны салалық одақтарда талқылап, нақты ұсыныс-пікірлерін жинақтайтын ешкім болмай тұр.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»**

ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

2025 жылы Қазақстан экономикасы жаһандық тұрақсыздық жағдайында серпінді өсім көрсетіп, құрылымдық тұрғыдан жаңа кезеңге өтті. Макроэкономикалық деңгейде 2025 жыл соңғы он жылдағы ең жоғары нәтижелердің бірімен есте қалды. Қаңтар-қаңтар айларында нақты жалпы ішкі өнімнің өсімі 6,4 пайызға жетті.

ҚҰБЫЛМАЛЫ ЭКОНОМИКА:
ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА
БИЗНЕСТЕ ӨСІМ ТҰРАҚТЫ

Әсіресе, көлік пен қойма-логистикасының қарқынды дамуы Қазақстанның транзиттік әлеуетін күшейтіп, елдің халықаралық байланыстарын арттырды. Құрылыс саласындағы ірі инфрақұрылымдық жобалар да жалпы экономикалық серпінге елеулі үлес қосты. Инвестициялық белсенділік те айтарлықтай өсті. 2025 жылдың тоғыз айында негізгі капиталға салынған инвестициялар 13,5 пайызға артты. Қаражаттың басым бөлігі құрылыс нысандарын салу мен жаңғыртуға бағытталды, ал негізгі қаржыландыру көзі ретінде компаниялардың меншікті қаражаты алдыңғы орынға шықты. Бұл бизнестің ішкі сенімі артқанын білдіргенімен, инвестиция құрылымында технологиялық жаңаруға жауап беретін жабдық үлесінің әлі де төмен болуы белгілі бір тәуекелдер сақталып отырғанын аңғартады.

ШЫҒЫН АЗАЙЫП,
ҚАҰИП СЕЙІЛДІ

Соған қарамастан, өңдеу өнеркәсібіндегі инвестициялық серпіліс ерекше назар аудартады. Бұл салада капитал салымдарының өсімі 30 пайыздан асты. Машина жасау, металл өңдеу, тамақ және жеңіл өнеркәсіп бағыттарына салынған инвестициялар елдің технологиялық базасын күшейтті. Ресей, Нидерланд, Оңтүстік Корея, Бельгия және Қытайдан келетін шетелдік капитал жаңа өндірістік тізбектердің қалыптасуына жол ашты. Экономика тірегінің бірі шағын және орта бизнес те тұрақты өсім көрсетіп отыр. 2025 жылдың күзінде елде 2,17 миллионнан астам белсенді ШОБ субъектісі тіркелді. Бұл бір жылда 6,4 пайыз өсім байқалды деген сөз. ШОБ-тың жалпы қосылған құндағы үлесі 38,6 пайызға жақындап, өңірлік дамудың негізгі драйверіне айналып отыр. Әсіресе, ірі қалаларда бұл сектордың аймақтық өнімдегі үлесі 60 пайыздан асады. Цифрландыру экономикалық саясаттың өзегіне айналды. 2025 жылы іске қосылған eGov Business платформасы кәсіпкерлер үшін бірыңғай цифрлық экожүйе қалыптастырды. Кәсіпорын туралы деректер, лицензиялар, филиалдар, цифрлық сенімхат және ондаған мемлекеттік қызметтің бір жүйеге біріктірілуі уақыт шығынын азайтып, қауіпті сейілтті.

БОЛАШАҚТЫҢ КӘСІБІ

Салалық тұрғыда көлік-логистикасы кешені экономиканың ең жылдам дамыған бағытының бірі болды. Он айдың қорытындысы бойынша сектордағы өсім 20 пайыздан асты. Транзиттік тасымал көлемінің ұлғаюы, теміржол, автокөлік және құбыр инфрақұрылымының дамуы Қазақстанды Еуразия кеңістігіндегі маңызды логистикалық хабқа айналдыру стратегиясының іске аса бастағанын көрсетеді. Цифрлық декларациялау мен Digital Trade Corridor сияқты шешімдер логистикалық рәсімдерді едәуір жеңілдетті.

Индустриялық саясат аясында 2025 жылы өңдеуші кәсіпорындар мен машина жасау зауыттары іске қосылды. Жалпы, құны 1,5 трлн теңге болатын 190 жоба жоспарланып, олардың басым бөлігі нақты іске асу кезеңіне өтті. Кейінгі үш жылда Қазақстанда бұрын өндірілмеген өнім түрлерінің шығарыла бастауы экономиканың сапалық трансформациясын айқын көрсетеді. Шикізат секторында да маңызды серпін бар. Теңіз кен орнын кеңейту жобасының толық қуатқа шығуы мұнай өндіру көлемін 40 млн тоннаға дейін жеткізді. Бұл Қазақстанға 2025 жылы мұнай өндіруді 10 пайызға жуық арттыру жоспарын мерзімінен бұрын орындауға мүмкіндік берді. Экономиде



Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

калық өсімнің ұзақмерзімді негізі ретінде кадр мәселесіне де ерекше көңіл бөлінді. «Жұмыссыз мамандықтар жылы» аясында бірқатар маңызды қадам жасалды.

ЗЕЙНЕТАҚЫ МА,
БЕЙНЕТАҚЫ МА?

2025 жыл Қазақстанның зейнетақы жүйесі үшін нақты сандық өсім, заңнамалық түзетулер және инвестициялық шекараларды кеңейту кезеңі ретінде есте қалды. Жинақтар мен төлемдер көлемі артты және зейнетақы активтерін басқаруға қатысты жаңа ережелер енгізілді. Ресми дерекке сәйкес, 2025 жылғы 1 қазанда қазақстандықтардың зейнетақы жинақтарының жалпы көлемі 25,73 трлн теңгеден асты, бұл өткен жылдың дәл осы кезеңімен салыстырғанда 21,5%-ға артық. Міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен жинақтар 24,40 трлн теңгеге жетті. Ерікті жарналар бойынша өсім жыл ішінде 32,8%-ды құрады.

2025 жыл Қазақстанның салық жүйесі үшін заңнамалық өзгерістермен ерекшеленді. Жыл ішінде мемлекет бюджет кірістерін арттыру және салықтық әкімшілендіруді жетілдіру мақсатында бірқатар реформаларды іске асырды. Негізгі өзгерістер жаңа Салық кодексінің қабылдануымен байланысты болды. Салық реформасының негізгі бағыттарының бірі қосылған құн салығына қатысты болды. Жаңа кодекске сәйкес, ҚҚС-тың базалық мөлшерлемесі 16 пайыз деңгейінде бекітілді. Сонымен қатар, ҚҚС бойынша міндетті тіркеу шегі 10 мың АЕК-ке дейін ұлғайтылды. Бұл шағын кәсіпкерлерге салықтық жүктемені төмендетуге бағытталған шара ретінде түсіндірілді. Үкімет есебінше, жалпы 400 млрд теңгеге жуық несие субсидияланады. Бұл үшін 2026 жылы шамамен 24 млрд теңге қажет болады.

Қазіргі таңда ауыл кәсіпкерлігін дамытуға бағытталған «Ауыл аманаты», «Бір ауыл – бір өнім» сияқты бағдарламалар іске асырылуда. Бұл бағдарламалар аясында жүзеге асырылып жатқан жобалар, соның ішінде ауыл шаруашылығы кооперативтерінің жобалары «Іскер аймақ» бірыңғай бағдарламасы шеңберінде қосымша қолдауға ие бола алады және субсидиялар, инфрақұрылымдық әрі қаржылай емес мемлекеттік қолдау алу кезінде басым тәртіппен қаралады.

2025 жыл ел үшін салық тартыстары жылы болды. 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енетін жаңа Салық кодексі жүздеген түзетумен толықтырылып, бизнес өкілдерінің наразылығына және билік дәліздерінде қызу пікірталасқа себеп болды. Бұл – соңғы жылдағы ең көп талқыланған реформаның бірі. Кәсіпкерлер мен сарапшылар жаңа салық ережелері Қазақстандағы шағын бизнестің одан әрі жұмыс істеуіне қауіп төндіруі мүмкін екенін айтып отыр.

БАҒДАР

2025 жылы ҚР қылмыстық заңнамасы азаматтардың құқықтарын қорғауға және қылмыстық сот ісін жүргізудің тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар маңызды өзгерістерге ұшырады. Жаңа нормалар жеке тұлғаны қылмыстық-құқықтық қорғау аясын кеңейтеді және қазіргі қылмыстар үшін жауапкершілікті нақтылайды.

ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАР ҚОЛДАНЫСТА

Қылмыстық кодексте алғаш рет сталкинг үшін жауапкершілік белгіленді. Психологиялық зиян келтіретін немесе оның тыныштығын бұзатын адамды мәжбүрлеп қудалау қазір қылмыс ретінде қарастырылады. Мұндай әрекеттер үшін айыппұл, қоғамдық жұмыстар немесе қамауға алу қарастырылған.

Сонымен қатар, 125-бап «Некеге тұруға мәжбүрлеу» бойынша адамды өз еркіне қарсы некеге тұруға мәжбүрлеуге бағытталған кез келген әрекеттер үшін қылмыстық жауапкершілікті бекітеді. Бұл физикалық зорлық-зомбылық, қоқан-лоққы, психологиялық қысым немесе үшінші тұлғалар арқылы әсер ету болуы мүмкін. Мұндай әрекеттер үшін енді бас бостандығынан айыруға жазасы тағайындалады.

Сондай-ақ, банктік шоттарға, төлем құралдары мен сәйкестендіру құралдарына заңсыз қол жеткізгені үшін, рұқсат етілмеген аударымдар мен төлемдер үшін қылмыстық жауапкершілік алғаш рет бекітілді. Бұл шаралар азаматтардың қаржылық құқықтарын қорғауды күшейтеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қорғауды арттыратын параны белсенді ұсынуды қоса алғанда, сыйақыны заңсыз бергені немесе алғаны үшін жауапкершілік енгізілді.

ҚР ҚК 74-бабына елеулі өзгерістер енгізілді. Егер сотталған адам көмелетке толмаған балалары бар ана немесе жалғызбасты әке болса, сот заң талаптары сақталған жағдайда

жазаны орындауды кейінге қалдыруға міндетті. Бұл жаңалық қылмыстық заңнаманы гуманистік тұрғыдан жетілдіре отырып, отбасын сақтауға және баланың мүдделерін қорғауға бағытталған.

Қылмыстық-процестік кодексінде кассациялық іс жүргізу нормалары нақтыланды. 2025 жылғы 1 шілдеден бастап бірінші және апелляциялық сатыдағы соттардың шешімдерін қайта қарауды қамтамасыз ететін кассациялық соттар жұмысын бастады.

Қорғаушы мен процеске қатысушылардың құқықтары күшейтілді: қорғаушы тағайындалған сәттен бастап іс материалдарына қол жеткізе алады, сот белгіленген мерзімде қарауға міндетті өтініштер бере алады және дәлелдемелерді қайта қарауға қатыса алады. Сот жаңа немесе бұрын есепке алынбаған дәлелдемелерді, егер олар істің нәтижесіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін болса, қабылдауға және тексеруге міндетті.

Жалпы, 2025 жылғы өзгерістер қылмыстық заңнаманың дәлдігі мен заманауилығын арттырады және Қазақстан Республикасында қылмыстық сот ісін жүргізудің заңдылығын, әділдігін және тиімділігін нығайтуға ықпал етеді.

Айжан БАЙГОНШЕКОВА,
Екібастұз қалалық сотының судьясы

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

ЭЛЕКТРОНДЫҚ МӘМІЛЕЛЕР ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі кезеңде цифрландыру қоғамдық қатынастардың барлық саласына еніп, азаматтық құқықтың дәстүрлі институттарына жаңа мазмұн беріп отыр. Электрондық сауда, онлайн-қызметтер, қашықтан жасалатын мәмілелер мен цифрлық платформалар арқылы қалыптасатын құқықтық қатынастар азаматтық айналымның ажырамас бөлігіне айналды. Бұл үрдіс азаматтық құқықтың икемділігін арттырғанымен, құқықтық қауіпсіздік пен азаматтардың құқықтарын қорғау мәселесін алдыңғы қатарға шығарады.

Азаматтық құқықта цифрландырудың негізгі көріністерінің бірі – электрондық мәмілелердің кеңінен қолданылуы. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы мәмілені электрондық нысанда жасауға мүмкіндік береді және электрондық цифрлық қолтаңбаны қолмен қойылған қолтаңбамен тең дәрежеде таниды. Бұл құқықтық жаңашылдық мәмілелердің жеделдігін қамтамасыз етіп, іскерлік айналымды едәуір жеңілдетті.

Сонымен қатар электрондық мәмілелердің дамуы бірқатар құқықтық тәуекелдерді де туындатады. Практикада тараптардың шарт талаптарымен толық таныспай келісім беруі, шарт мазмұнының біржақты қалыптастырылуы, сондай-ақ әлсіз тараптың мүдделерінің жеткілікті қорғалмауы сияқты мәселелер жиі кездеседі. Әсіресе тұтынушылық қатынастарда бұл жағдай азаматтардың құқықтарының бұзылуына алып келуі мүмкін.

Цифрлық ортада жасалатын мәмілелердің тағы бір маңызды қыры – жеке деректерді

қорғау мәселесі. Электрондық шарт жасасу кезінде азаматтар өздерінің жеке мәліметтерін ұсынады, ал бұл деректердің сақталуы мен өңделуі азаматтық-құқықтық жауапкершілікпен тығыз байланысты. Жеке деректерді заңсыз пайдалану азаматтың мүліктік емес құқықтарына нұқсан келтіріп қана қоймай, азаматтық айналымға деген сенімді әлсіретеді.

Осы орайда азаматтық құқықтың негізгі қағидаттары – адалдық, теңдік және әділеттілік қағидаттары цифрлық қатынастар жағдайында ерекше мәнге ие. Заңнаманы қолдану барысында тек технологиялық мүмкіндіктерге емес, тараптардың нақты құқықтық жағдайына, олардың ерік білдіру еркіндігіне және құқықтық салдарларды түсіну деңгейіне назар аудару қажет.

Қорытындылай келе, цифрландыру азаматтық құқықты жаңғыртуға жаңа серпін беріп отыр. Алайда бұл процесс құқықтық реттеудің сапасымен, азаматтардың құқықтық мәдениетімен және құқық қолдану практикасының тиімділігімен тікелей байланысты. Азаматтық құқықтың басты мақсаты – қандай нысанда жасалса да, мәміленің заңдылығы мен азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін сенімді қорғауды қамтамасыз ету болып қала береді.

Гүлзада ШАХАЕВА,
Ш.Есенов атындағы Каспий
технологиялар және инжиниринг
университеті, «Құқықтану»
кафедрасының аға оқытушысы

ТАРАТУ

2. «ISD Engineering» ЖШС (БСН 160940011881) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 0500006, ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Абай даңғылы, 107/3-үй, 12-пәтер, тел. 87015776770.

3. «Ломбард №1 Нур Сая» ЖШС (БСН 201140024966) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, 080000, Байзақ батыр көшесі, 200-үй, н.п. 3, тел. 87011117912.

5. «Құрылыс-2020 LTD» ЖШС (БСН 140340002490) (071413, ШҚО, Семей қаласы, Усть-Каменгорск көшесі, 2А-үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Семей қаласы, Қарағайлы, 36, 50-пәтер, тел. 87778581555.

6. «The Place 18+» ЖШС (БСН 221240026961) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Нұра ауданы, Санжар Асфендияров көшесі, 10-үй, н.п. 10, тел. +77022726799.

9. «Атамекен-Шалкар» АӨК (БСН 200740001827) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Теректі ауданы, Шалқар ауылдық округі, Сарыөмір ауылы, Қазақстан көшесі, 1-үй.

10. «Шың-Нұржан» ЖШС (БСН 180140025454) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қызылқия ауылдық округі, Қызылқия ауылы, Д.Болыс көшесі, 20-үй.

14. «Aqyldy bala коррекциялық орталық» ЖШС (БСН 241240035147) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қаласы, Р.Мусин көшесі, 31 ғимарат.

15. «AILA Kids» ЖШС (БСН 250440005194) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына телефон бойынша қабылданады: +7(702)943-81-92, тел.: +7(778)609-13-96.

16. «ДАФОН» ЖШС (БСН 090940018794) өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылдана-

ЖАРНАМА

ды: ҚР, 050061, Алматы қаласы, Алатау ауданы, Немирович-Данченко көшесі, 51 Б.

17. «Зеркала» ЖШС (БСН 210840025552) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Орбита 4, 33п., тел. 87016543106.

ӨРТУРА

4. 2.12.2025 жылы Тараз қалалық сотының судьясы И.Б.Аликулованың ұйғарымы бойынша, арыз беруші – Джуманбаева Нурила Сайдыбековна азаматша Джуманбаева Гүлдарига Исмаиловна, 1980 ж.т., жұмыссыз, мекенжайы: Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Рысбек батыр көшесі, №99 үй, 118-пәтер тұрғыны хабар ошарсыз кетті деп тану туралы іс қозғады. Джуманбаева Гүлдарига Исмаиловнаны көргені жайлы хабарламаны Тараз қалалық сотына үш ай мерзімде хабарлауыңызды сұраймыз.

7. «RS Motors» ЖШС (БСН 241040028259) жарғылық капиталдың 100 млн теңгеден 50 млн теңгеге дейін азайтылғанын хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Атырау қаласы, Қайыршақты ауылдық округі, Томарлы ауылы, Жұлдыз тұрғын үй алабы, Атырау – Доссор тас жолы, 89А ғимарат. Тел.: 8 701 513 62 06.

8. «Тамды-Саинбулак Project» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 171240019073) «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы заңының 27-бабының 4-тармағына сәйкес серіктестіктің жарғылық капиталын азайту туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 52А ғимараты.

13. ТУРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ
ИЗМИР
22- ШІ ОТБАСЫЛЫҚ СОТЫ

ІС НӨІРІ : 2022/537 Herizi
ХАБАРЛАНДЫРУ
31/10/2024

Талапкер КЕНАН АРСЛАН мен жауапкер ДИНА АЛИМОВА арасында біздің сотта қаралып жатқан некеі бұзу туралы сот ісі бойынша;

Жауапкер Дина Алимованың атына іс бойынша өтініш пен хаттаманы оның мәмілелерге мекенжайы бойынша жіберу мүмкін болмағандықтан, мекенжай бойынша тексеру нәтижесінде мекенжай анықталмағандықтан, талап-арыз және іс туралы хаттаманың Қазақстан Республикасында жария түрде хабарландыру туралы шешім шығарылды;

Талап-арызда қысқаша: : «Түркия Республикасы азаматтық кодексінің 166-бабы аясында «неке одағының түбегейлі бұзылуы» себебінен тараптардың ажырасуын, 10 000 түрік лирасы көлемінде мүліктік және 10 000 түрік лирасы көлемінде моральдық өтемақы талап етіліп, даулы сома талап арыз берілген күннен бастап заңды пайыздармен жауапкерден өндіріліп алынсын, сот шығындары мен адвокат ақысы қарсы тараптың мойнына жүктелсін, қалған барлық құқықтарымызды (өндіріп алу, мерзімнің өтуі, өтемақы және т.б. құқықтарды) сақтап, талап етіп, сотқа арызданды.»»

Сот хаттамасында «... талап арызына екі апта ішінде жауап бере алатыныңыз, белгіленген мерзімде жауап бермеген жағдайда талап қоюшының талап арызында көрсетілген деректерді қайта шығарған болып есептелетінііз...» түріндегі сот пен талап арызының табысталуына шешім қабылданғаны айтылған, сондай-ақ бұл хабарлама жарияланған күннен бастап 7 күн ішінде жауапкер ДИНА АЛИМОВАҒА жариялау арқылы табысталды деп есептелетіні және хабарлама табысталған күннен бастап екі апта ішінде жауап бере алатыны хабарланады.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1» фирмасы ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133. ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС. Көкшетау қ.,Е. Өуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan.at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выйдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media pagekz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz» Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99. г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509 e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

КӨКЕЙКЕСТІ

Ашықтық пен коммуникацияның аздығы сынды көбейтеді

Азаматтық қоғамды дамытуда қоғамдық ұйымдардың рөлі ерекше. Алайда жұртшылық арасында олардың жұмысына қатысты сын көп. Бұның себебі неде?

Меніңше, мұның бірнеше себебі бар. Біріншіден, қоғамдық ұйымдардың қызметі әрдайым көзге көріне бермейді. Көп жағдайда олардың атқарып жатқан жұмысы құжаттық, сараптамалық немесе ұзақ мерзімді нәтижеге бағытталған. Ал жұртшылық көбіне тез әрі нақты нәтиже күтеді, сол себепті «ештеңе істелмей жатыр» деген әсер қалыптасады.

Екіншіден, барлық ұйымдар бірдей белсенді немесе кәсіби деңгейде жұмыс істемейді. Кейбір қоғамдық ұйымдар формальды түрде ғана тіркеліп, нақты жобалармен немесе қоғаммен тұрақты жұмыс жүргізбейді. Бұл жалпы секторға деген сенімге көлеңке түсіреді.

Үшіншіден, ашықтық пен коммуникацияның жеткіліксіздігі сынның басты себептерінің бірі. Ұйымдар өз қызметі, қаржыландыру көздері,

жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Мәселен, 2025 жылдың 11 айында «Құқықтық көмек» жобасы аясында: AMANAT партиясының қабыл-



Серік АҚЫЛБАЙ,
«Қазақстан заңгерлер одағы» РҚБ төрағасы,
Республикалық заң консультанттары алқасының төрағасы,
ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Құрылтай мүшесі

СУДЬЯНЫҢ БІР ҒАНА «БАСТЫҒЫ» БАР, ОЛ – ЗАҢ

жеткен нәтижелері туралы қоғамға түсінікті әрі жүйелі ақпарат бермей жатады. Ақпарат болмаған жерде күмән мен сын пайда болады.

Төртіншіден, қоғамдық күтулер мен мүмкіндіктердің арасында алшақтық бар. Қоғамдық ұйымдар мемлекеттің немесе бизнес құрылымдардың барлық мәселесін шеше алмайды, бірақ кейде жұртшылық олардан соны күтеді. Сондықтан мұндай сындарды тек теріс құбылыс деп қабылдауға болмайды. Керісінше, ол қоғамдық ұйымдар үшін ашық болуға, кәсіби деңгейін арттыруға және қоғаммен байланысты күшейтуге берілген сигнал деп қарастыру керек.

Қазақстан заңгерлер одағы еліміздегі қоғамдық-саяси реформаларға кәсіби заңгерлік қауымдастықтың атынан белсенді түрде қатысып келеді.

Біріншіден, Заңгерлер одағы Парламент алаңында, сондай-ақ өзге де мемлекеттік және қоғамдық платформаларда өтетін форумдарда, дөңгелек үстелдерде, қоғамдық тыңдауларда заңгерлердің ұстанымын білдіріп, заң жобаларын талқылауға қатысады. Біз реформаларға сырттан баға берумен шектелмей, оларды мазмұндық тұрғыда жетілдіруге атсалысамыз.

Екіншіден, одақ әртүрлі құқық салалары өкілдерінің пікірін бір арнаға тоғыстыратын кәсіби алаң ретінде жұмыс істейді. Қазіргі таңда Қазақстан заңгерлер одағының төрт корпоративтік мүшесі бар: Қазақстан Республикасының Судьялар одағы, Прокурорлар қауымдастығы, Жеке сот орындаушыларының Республикалық палатасы, Республикалық заң консультанттары алқасы.

Бұл сот, қадағалау, атқарушылық іс жүргізу және құқықтық көмек көрсету салаларындағы нақты тәжірибеге сүйенген ортақ кәсіби ұстаным қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, реформаларға қатысу тек пікір білдірумен шектелмейді. Практикалық жұмыс та

дау бөлмелерінде 738 кезекшілік ұйымдастырылды. 4 200-ден астам азамат заңгерлік кеңес алды, оның ішінде талап-арыздар мен өтініштер дайындалып, медиациялық келісімдер жасалып, сотқа дейінгі және соттағы процестерге қатысу қамтамасыз етілді.

Ал мобильді қоғамдық қабылдау бөлмелерімен: 2 440 ауылдық елді мекен қамтылды; 2 146 көшпелі қабылдау өткізілді; 15 700 азаматқа құқықтық көмек көрсетілді.

Қорыта айтқанда, Қазақстан Заңгерлер одағы қоғамдық-саяси реформаларға тек институционалдық пікір білдіретін құрылым ретінде емес, нақты нәтижеге жұмыс істейтін кәсіби платформа ретінде қатысып келеді.

Жедел қабылданған заңдар санаға да әсер етті

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында еліміз мемлекеттік және құқықтық жүйені нөлден қалыптастыру кезеңінен өтті. Сол уақытта заңдар көбіне жедел түрде, экономикалық және саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету қажеттілігінен туындап, қабылданды. Бұл олардың сапасына, жүйелілігіне және ұзақ мерзімділігіне әсер етпей қоймады.

2005–2017 жылдары заң шығарушы биліктің жоғары палатасында жұмыс істей жүріп, мен заң сапасына тікелей әсер ететін бірнеше түйткілді анық байқадым. Біріншіден, заң жобаларының бір бөлігі жеткілікті деңгейде қоғамдық және кәсіби талқылаудан өтпей, практикадағы салдары толық ескерілмей қабылданды. Нәтижесінде заңдарға жиі өзгерістер мен толықтырулар енгізуге тура келді.

Екіншіден, құқық қолдану тәжірибесі мен заң шығармашылығы арасындағы алшақтық орын алды. Кейбір нормалар өмірден алшақ болып, оларды іске асыру барысында қо-

сымша түсіндірулер мен ведомстволық актілерге тәуелділік күшейді. Бұл азаматтар үшін де, бизнес үшін де құқықтық белгісіздік туғызды.

Сонымен бірге әділдік үшін айта кету керек, оң өзгерістер де болды. Осы жылдары негізгі кодекстер жаңартылды, сот жүйесі кезең-

Бұл қоғамның, мемлекеттік басқару жүйесінің және саяси модельдің өзгеріп жатқанын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, заң ғылымдарының докторы Жұмагелді Елубаев ұсынған жаңа Конституция жобасы – ғылыми пікірталас тудыруға тұрарлық бастама. Ол қолданыстағы Конституцияның құрылымдық тұрғыда «жамала-жамала» күрделеніп кеткенін және тұтас жаңа құқықтық логика қажет екенін алға тартады. Сонымен бірге, Конституция – тек құқықтық құжат емес, қоғамдық келісімнің іргетасы екенін ұмытпауымыз керек. Оны жаңадан қабылдау – мемлекет дамуының жаңа кезеңіне өткенін білдіретін өте маңызды саяси құқықтық қадам. Мұндай шешім тек ғылыми ортада ғана емес, бүкіл қоғамда кең әрі ашық талқылаудан өтуі тиіс. Менің ойымша, мәселе «ескіні міндетті түрде жою немесе жаңасын міндетті түрде қабылдау» деген қарапайым таңдауда емес. Егер қолданыстағы Конституция ішкі логикасын жоғалтып, түзетулер оны жүйесіз күйге түсірсе, онда жаңа Конституция қабылдау орынды болуы мүмкін. Ал егер өзгерістер мемлекеттің даму бағытын нақтылап, құқықтар мен институттарды күшейтіп отырса, онда кезең-кезеңімен жетілдіру жолы да өзін ақтайды.

Ең бастысы – қандай жол таңдалса да, оның түпкі мақсаты адам

тек заңның алдында жауаптымын деп сезінгенде ғана әділ сот төрелігі жүзеге асады. Сондықтан мен «Бастығы бар сот тәуелсіз бола алмайды» дегенде, жекелеген тұлғаларды емес, жүйелік мәселені меңзедім. Қазіргі реформалардың мәні де – сот жүйесіндегі артық әкімшілік ықпалды азайтып, судьяның дербестігін нақты тетіктер арқылы қамтамасыз ету.

Қысқасы, судьяның бір ғана «бастығы» бар, ол – заң. Ал сот реформаларының түпкі мақсаты бастыққа бағынышты емес, заңға ғана бағынатын судья моделін қалыптастыру. Бұл – құқықтық мемлекет құрудың және қоғамның сотқа деген сенімін арттырудың басты шарты.

Судьяға деген халық сенімін арттыру үшін жалпы ұрандар емес, нақты жүйелік өзгерістер қажет деп есептеймін.

Біріншіден, судьяның шынайы тәуелсіздігін қамтамасыз ету керек. Судьяның мансабы, тәртіптік жауапкершілігі мен қызметін бағалау тетіктері әкімшілік иерархиядан барынша арылуы тиіс. Судья өзін бір ғана «бастықтың» – заңның алдында жауаптымын деп сезінгенде ғана әділ шешім шығара алады.

Екіншіден, кадрлық іріктеудің ашықтығы мен сапасын күшейту қажет. Судья болуға үміткерлердің кәсіби деңгейі ғана емес, адалдығы, тәуелсіз ойлау қабілеті және моральдық ұстанымы шешуші рөл атқаруы тиіс. Бұл процесс қоғам үшін барынша түсінікті әрі ашық болуы маңызды.

Үшіншіден, тәртіптік жауапкершілік пен судья тәуелсіздігінің арасындағы тепе-теңдікті сақтау қажет. Судьяны жауапкершілікке тарту тетігі әділ әрі айқын болуы керек, бірақ ол қысым көрсету құралына айналмауы тиіс.

Төртіншіден, сот процесінің ашықтығын кеңейту маңызды. Сот отырыстарының жариялылығы, шешімдердің түсінікті тілде жазылуы, сот актілерінің уақытылы жариялануы – қоғам сенімін арттыратын нақты қадамдар.

Бесіншіден, судьяның әлеуметтік және кәсіби кепілдіктерін күшейту қажет. Судья өзін материалдық немесе қызметтік тұрғыдан қорғалмаған сезінсе, ол сыртқы ықпалға осал болады. Ал мықты кепілдіктер тәуелсіздіктің нақты негізін қалайды.

Қазіргі таңда Жоғарғы Сот судьяларын іріктеуге қатысты да сын пікірлер айтылып жүр. Мұнда іріктеу тетіктері формальды түрде ашық болғанымен, кәсіби қауымдастықпен кері байланыстың әлсіреуі байқалады. Кейбір судьялар әріптестері арасында кеңінен танымал болмауы мүмкін, себебі олардың кәсіби жолы қысқа мерзімде, кейде әкімшілік немесе өзге құқық салаларынан келу арқылы қалыптасады. Бұл жағдай «Жоғарғы Сот судьясы кәсіби ортаның сүзгісінен толық өтті ме?» деген сұрақ туғызады. Сонымен бірге, қазіргі сот жүйесінің күрделенгенін де ескеру керек. Жоғарғы Сот судьялары тек тәжірибелі ғана емес, жаңа құқықтық салаларды меңгерген, аналитикалық ойлауы жоғары мамандар болуы тиіс. Сондықтан «танымал болмау» әрдайым кәсіби әлсіздік дегенді білдірмейді.

Менің ойымша, басты мәселе – іріктеу процесінің мазмұнында. Егер кандидаттың беделі, бұрынғы сот шешімдерінің сапасы, кәсіби ортадағы пікірі нақты әрі ашық бағаланса, мұндай сын азаяр еді. Жоғарғы Сотқа баратын судья әріптестері үшін де, қоғам үшін де түсінікті әрі танылатын тұлға болуы керек. Сонда ғана Жоғарғы Соттың абыройы жеке лауазыммен емес, нағыз кәсіби беделмен өлшенетін болады.

...заң сапасы тек мәтінмен емес, оны дайындау процесімен өлшенеді. Ашықтық, ғылыми және кәсіби сараптама, қоғамдық пікірді ескеру - сапалы заңның негізгі шарттары. Менің ойымша, қазіргі кезеңдегі реформалардың мәні де дәл осы қателіктерді ескере отырып, тұрақты әрі өміршең заңдар қабылдауға бағытталуы тиіс.

кезеңімен реформаланды, адам құқықтарын қорғау тетіктері нығая түсті. Заң шығаруда кәсіби сараптама мәдениеті біртіндеп қалыптаса бастады.

Бүгінде басты сабақ – заң сапасы тек мәтінмен емес, оны дайындау процесімен өлшенеді. Ашықтық, ғылыми және кәсіби сараптама, қоғамдық пікірді ескеру – сапалы заңның негізгі шарттары. Менің ойымша, қазіргі кезеңдегі реформалардың мәні де дәл осы қателіктерді ескере отырып, тұрақты әрі өміршең заңдар қабылдауға бағытталуы тиіс.

Конституция құқық үстемдігін орнықтыруға қызмет етеді

Соңғы жылдары Конституцияға бірқатар өзгерістер мен түзетулер енгізілді. Бұл үдеріс алдағы уақытта да өз жалғасын таппақ. Биыл заң ғылымдарының докторы Жұмагелді Елубаев жаңа Конституцияның жобасын жариялаған еді. Ескіні жамап-жасқағанша, оны жаңадан қабылдау керек деген ұсыныстар айтылып жүр.

– Бұл ұсыныстың астарында белгілі бір ғылыми және практикалық үзгі бар, сондықтан оны жоққа шығаруға болмайды. Алайда мәселе өте салмақты болғандықтан, оған да байыппен қарау қажет.

Шынында да, соңғы жылдары Конституцияға бірқатар елеулі өзгерістер мен түзетулер енгізілді.

құқықтарын қорғауды күшейтуге, билік тармақтарының тепе-теңдігін қамтамасыз етуге және құқық үстемдігін орнықтыруға қызмет етуі тиіс. Ал бұл мақсатқа апаратын жолды анықтау – кәсіби сарапшылар мен қоғамның ортақ жауапкершілігі.

Сот тәуелсіздігі – ешқандай қысымға бағынбауында

Нағыз тәуелсіз сот дегеніміз – судьяның шешім қабылдау кезінде ешқандай әкімшілік, саяси немесе ведомстволық қысымға бағынбауы. Егер сот жүйесінде «бастық – бағынышты» қағидасы сақталса, яғни судьяның мансабы мен болашағы жоғары тұрған тұлғалардың еркіне тәуелді болса, онда мұндай сотты толық тәуелсіз деп айту қиын.

Ұзақ жылдар бойы сот жүйесінде иерархиялық басқару элементтері сақталып келді. Сот төрағаларының судьяларды бағалауға немесе кадрлық мәселелерге жанама ықпал етуі судьяның ішкі еркіндігіне әсер етпей қоймайды. Мұндай жағдайда судья кейде тек заң мен ар-ожданға ғана емес, жүйе ішіндегі көзге көрінбейтін шектеулерге де қарап шешім қабылдауы мүмкін.

Сот тәуелсіздігі тек Конституцияда жазылған нормамен шектелмейді. Ол кадрлық саясатта, тәртіптік жауапкершілік жүйесінде, судьяның әлеуметтік кепілдіктері мен бағалау тетіктерінде нақты көрініс табуы тиіс. Судья өзін «бастықтың» емес,

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6052 дана
Апталық таралым 12104 дана

Тапсырыс №198 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31